

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Практикалық лингвистика кафедрасы**

Ақдаулетова Ж.А.
ҚАЗАҚ ТІЛІ
(Орта деңгей, II бөлім)
Оқу құралы

Қостанай, 2019

УДК 811.512.122(075.8)

ББК 81.2 Қаз-923

А33

Автор:

Ақдаулетова Жанар Ашимовна, филология магистрі, практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы

Пікір жазғандар:

Есиркепова Кенжегул Кабылгазиновна, филология ғылымдарының кандидаты, Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті филология факультетінің деканы

Қайпбаева Айжамал, филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті

Жұрсиналина Гульжанат Құрмашевна, филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті практикалық лингвистика кафедрасының доценті

Ақдаулетова Ж.А.

А33 Қазақ тілі: Оқу құралы, -Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2019 – 104б.

ISBN 978-601-7985-97-4

Оқу құралы қазақ тілін орта деңгейде меңгеру үшін қазақ тіліндегі материалдарды тыңдап түсіну, оқып түсіну, қазақ тілінде жаза білу мен сөйлей білу қабілеттерін арттырады. Онда деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің барлық лексикалық тақырыптары қамтылған және грамматикалық жаттығулар мен тапырмалар берілген.

Оқу құралы барлық мамандықтарда оқитын білім алушыларға арналған.

УДК811.512.122(075.8)

ББК 81.2 Қаз-923

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде бекітілген, 29.04.2019 ж. № 3 хаттама.

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, 2019

Мазмұны

Кіріспе.....	4
Қазақ театр және кино өнері.....	5
Қазақ халқының ұлттық қолөнері.....	17
Сәулет және құрылыс өнері.....	27
Көне және мәдени ескерткіштер.....	43
Менің Отаным – Қазақстан.....	59
Қазіргі тұрғын үй.....	65
Өнертабыс және жаңашылдық.....	75
БАҚ, оның түрлері. БАҚ – өмір айнасы.....	79
Көлік және логистика. Көлік қатынасы.....	84
Ел экономикасы.....	90
Ел қауіпсіздігі.....	96
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	104

Кіріспе

Бұл оқу құралы өзге тілді дәрісханаларда қазақ тілін оқытудың соңғы лингвистикалық және әдістемелік жетістіктеріне сүйенеді. Мұнда қазақ тілін оқыту барысында деңгейлік, коммуникативті-бағдарлы әдісті қолдану көзделген, белсенді қатысымдық, практикалық бағыт, сөйлеу әрекетінің барлық түрін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) өзара сабақтастыра оқыту, тілдік материалдарды қолданылымдық (функционалдық) жүйемен іріктеп, ыңғайлап меңгерту, кезеңдік және жеңілден күрделіге қарай өту принциптерін жүзеге асыру негізге алынған. Қатысымның әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіби саласындағы лексикалық тақырыптар топтастырылып берілген. Оқу құралы оқытушының жетекшілігімен сабақта қолдануға және білім алушылардың өздік жұмысына қызмет етеді. Грамматикалық материалдарды бекітуге арналған жаттығулардың алғашқылары білім алушылардың орта мектеп бағдарламасы көлемінде алған теориялық білімдерін еске түсіріп, бекітуді көздесе, жаттығулардың екінші тобы жаңа сабақтың материалдарын меңгертуге арналған.

Жаттығу материалдары іріктелініп алынды, көбіне терме мәтіндер түрінде беріледі. Әр мәтіннің соңына бірнеше тапсырмалар беріліп, мәтіндердің, тапсырмалардың көлемі жаңа технологиямен оқытудың талаптарына сай алынды. Тапсырма мәтіндерінің тәрбиелік жағына біршама көңіл аударылады.

Ұсынылып отырған оқу құрал жоғары оқу орындары мен колледждердің оқу орыс тілінде жүретін бөлімдерінде қазақ тілін оқып, үйренуге арналған.

1-тақырып. Қазақ театр және кино өнері

Әрбір халықтың өнері сол халықтың өзімен бірге өмір сүретін құбылыс. Өнердің түрлеріне музыканы, театрды, сәулет өнерін, әдебиетті жатқызатын болсақ, халық тарихының әр кезеңінде олар дамып отырған. Халықтың өзімен бірге келе жатқан ежелгі өнерлерінің бірі – ән өнері.

Зерттеушілердің айтуынша ән алғашқы қауымдық құрылыстан бері белгілі. Бұдан кейінгі кезең – авторлық әндердің кең таралуы. Қазіргі кезде авторлық әндер бүгінгі мәдениеттің ірі бөлігіне айналған. Қазақ әндеріне келсек, Біржанның, Ақанның, Абайдың, Мәдидің, Иманжүсіптің әндері алғашқы ұлттық авторлық әндер. Бүгінде ән өнері тақырыптық жағынан да, жанрлық жағынан да айрықша дамыды. Халқымыздың өнер тарихында әнмен бірге күйдің де орны ерекше. Күй өнері ертедегі Қорқыт ата заманынан басталады. Күй – қазақ халқының айрықша өнері. Құрманғазының, Дәулеткерейдің, Тәттімбеттің күйлері – классикалық өнердің үлгілері. Классикалық күйлер мен әндер ұлттық опера өнерінің тууына негіз болды. Сөйтіп, еуропалық опера қазақ жерінде ұлттық музыка арқылы өрістеді. Халық әндері мен күйлері кино өнерінде де кеңінен пайдаланылды.

Қазақ киносы жиырмамыншы ғасырдың отызыншы жылдары дүниеге келді. Алғашқы қазақ кинотуындысы – «Аманкелді» көркем фильмі. Бұл фильмнің сценарийін Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсірепов жазған. Бұдан соңғы кезеңдерде атақты режиссер, әрі актер Шәкен Аймановтың «Біздің сүйікті дәрігер», «Атаманның ақыры», «Атамекен», «Алдар көсе», «Тақиялы періште» сияқты фильмдері, Абдолла Қарсақбаевтың «Менің атым -Қожа» фильмі, Сұлтан Қожықовтың «Қыз Жібек» фильмі сияқты әйгілі туындылар жарық көрді. Осы фильмдерде



ұлттық ұлттық өнеріміздің, жалпы ұлттық болмысымыздың келбеті тамаша суреттелді. Бұл фильмдер осы күнге дейін өзінің көркемдігімен көрерменін баурайды.

Қазіргі кезде жалпы қазақ өнері сияқты қазақ киносы да ізденістер үстінде. Тәуелсіздік кезінде түсірілген белгілі фильмдер қатарында «Көшпенділер», «Фара», «Аккордеонистің балалық шағы» және тағы да басқа фильмдерді атауға болады. Сонымен бірге қазіргі қазақ киносының ерекшелігі ретінде шетелдік режиссерлермен, киностудиялармен бірігіп дайындалған фильмдерді де атап өткен жөн.

Ұлттық өнер – жалпы халықтың рухани дамуы мен жаңғыруының көрінісі. Сондықтан әр кезеңде ол жаңа қырынан көрініп, дамып отырады.

1-тапсырма. Мәтіннен шылауларды тауып, жазыңыз.

2-тапсырма. Берілген шылаулармен сөйлем құрастырыңыз.

Үшін:

Сайын:

Туралы:

Арқылы:

Шейін:

Қарай:

Гөрі:

Бұрын:

Соң:

Қатар:

Бірге:

Қоса:

3-тапсырма. Төмендегі кестені толтырыңыз.


әншілер	сазгерлер	күйшілер	әртістер

4-тапсырма. Сөздерді тиісті орындарына қойып, мақал-мәтел құраңыз.

1. Аз, де, жетпіс, жігітке, өнер
_____.
2. Алды, қызыл, өнер, тіл
_____.
3. Ашық, өнерліге, есік
_____.
4. Кілемде, өлеңде, сөз өнері, қол өнері
_____.
5. Көркі, өнер, жігіт
_____.

5-тапсырма. Сөйлемді жалғастырып жазыңыз

Өнерлі болу үшін



6-тапсырма. Екі қатардағы шылаулар мен сөздерді сәйкестендіріңіз.

мен	сайын
өзім	туралы
мыңға	кейін
онға	дейін
түстен	жөнінде
сонымен	жуық
кешке	тарта

7-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті шылауларды қойып көшіріп жазыңыз.

Алматы ... Астана, Жандос ... Әділ, түнге ... , ауылдың ... , сыныптың ..., кеш ... , жаңбыр ... қар, менен ... , сенен ... , не ... , сабақтан

Керекті шылаулар: мен, соң, пен, үшін, дейін, маңы, басқа, бұрын, іші, әлде, бойы

2-тақырып. Өнер жұлдыздары

1-тапсырма. Өзіңіз көрген қазақ кинофильмі туралы жазыңыз.

1. Фильмді түсірген жыл -----
2. Бас режиссері -----
3. Басты рөлде ойнағандар -----
4. Басты кейіпкерлер -----
5. Жағымды кейіпкерлер -----
6. Жағымсыз кейіпкерлер -----
7. Фильм туралы сіздің пікіріңіз -----

2-тапсырма. Бос орынға керекті сөздерді қойып сөйлемдерді аяқтаңыз.

Классикалық _____ үлкен залдарда симфониялық _____ орындалады. Классикалық музыка _____ мазмұнды болып келеді. Әрине, оны _____ білу керек. Жастардың көбі _____ музыканы ұнатады: поп, рок, диско, рэп, техно және т.б. _____ эстрада жұлдыздары көп. Олар: Роза Рымбаева, Нағима Есқалиева, Мақпал Жүнісова, Нұрлан

Өнербаев және т.б. Олардың _____бәріміз сүйсініп _____.

Керекті сөздер: тыңдаймыз, жеңіл, терең, Қазақстанда, оркестрмен, түсіне, музыка, әндерін.

3-тапсырма. Төмендегі сөздерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Мен домбыраның сүйемелдеуімен ән айттым.
2. Қазақстандық әншілердің концерті болды.
3. Қазақтың ұлттық аспаптарын білесің бе?
4. Қобыздың үні естілгенде көңілің толқиды.

4-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдерден шылауларды тауып, астын сызыңыздар.

1. Бұл көлік үйге таман келіп тоқтады. 2. Жиналыс сағат үшке таман басталады. 3. Мұрат ғылым туралы айтты. 4. Олар да келді. 5. Көктемнің алғашқы айында кейде жаңбыр жауып, кейде қар жауып тұрады. 6. Ауыл мен қаланың арасы алыс емес. 7. Ауылдың маңы жап-жасыл шөп.

5-тапсырма. «Өнер жұлдыздары» тақырыбына эссе жазыңыз.

3-тақырып. Қазақстан Республикасының театрлары

Сөздерді оқыңыз. Жазылуын есте сақтаңыз. Жаттап алыңыз.

ойын-сауық орны	место развлечений
ұжымдық өнер көрсету	коллективное представление
қойылым	постановка
рольді ойнау	сыграть роль
алғашқы қарлығаштар	первые ласточки
театр мәдениеті	культура театра
тума талант	врожденный талант
театр репертуары	репертуар театра
озық ойлы шығармалары	прогрессивные произведения
халық әртістері	народные артисты

ойнаушылар	играющие
жүзге жуық көрермен	около ста зрителей
негізделу	основываться
сахна	сцена
өнерпаз	мастер, умелый

Оқылым

1-тапсырма. Мәтінді оқып танысыңыз, орыс тіліне аударыңыз.



Ілияс Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театры

Қостанай облыстық қазақ драма театры - Ә.Кекілбаев пен С. Жүнісовтың пьесасы бойынша қойылған «Абылай хан» қойылымымен 2000 жылы 14 қыркүйекте ашылды. Театр үш рет республикалық фестивальға қатысып, өз өнерін көрсетті. Сахна шебері Қоныспек Бегайдаров Тәуелсіздіктің 10 жылдығына орай Петропавл қаласында өткен ІХ республикалық фестивальда «Абылай хан» пьесасындағы Қалдан Серен ролі мен заңғар жазушы Ғ. Мүсіреповтың 100 жылдығына арнап өткен Х фестивальда «Қозы Көрпеш Баян

Сұлу» пьесасындағы Қарабайды ойнағаны үшін «Ең үздік ер адамның образы» жүлдесін жеңіп алды. Махамбеттің 200 жылдығына байланысты Орал қаласында өткен ХІ республикалық фестивалда сахна шебері Асылболат Исамағұлов «Ең үздік Махамбет» жүлдесінің иегері атанды.

Театр өз тарихында 364 рет спектакль қойып, 90938-ге жуық көрерменге қызмет көрсетті. Солардың ішінде ауыл аралап, гастрольдік сапарда қойылғаны 73. Бүгінде театрда 25 әртіс өнер көрсетсе, шаруашылық топта 60-қа жуық адам жұмыс істейді.

Сөздік

- | | |
|---------------------|-----------------------|
| 1. Жоғары баға беру | – дать высокую оценку |
| 2. Бой көтерген | - построенный |
| 3. Ұсыныс | - предложение |
| 4. Жүлденің иегері | – обладатель приза |
| 5. туынды | – произведение |
| 6. заңғар | – высочайший |
| 7. ең үздік | – самый выдающийся |
| 8. көрермен | – зритель |

Айтылым

2 –тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Қостанай облыстық қазақ драма театры қашан ашылды?

Қандай қойылыммен ашылды?

«Ең үздік ер адамның образы» жүлдесін кім жеңіп алды?

Сахна шебері Қоныспек Бегайдаров қандай рольдерді ойнады?

«Ең үздік Махамбет» жүлдесінің иегері кім?

Театр өз тарихында қанша спектакль қойды?

Театрда қанша әртіс өнер көрсетеді?

Жазылым

3-тапсырма. Берілген сөздермен сөз тіркестерін жасап, сөйлемдер құрастырыңыз.

Ойын-сауық , театр, актер, мәдениет, өнерпаз, қойылым, режиссер

4-тапсырма. Қостанай қаласындағы театрлардың аттарын жазыңыз.

Айтылым

5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз, өз ойыңызды айтыңыз.

1. Сіз театрға барасыз ба?
2. Қандай қойылымдарды тамашаладыңыз?
3. Театр актерлерінен кімдерді білесіз?
4. Театр мәдениеті дегенді қалай түсінесіз?

6-тапсырма.Сөздерді оқыңыз, қазақ тіліне аударыңыз:

	место развлечений
	коллективное представление
	постановка
	сыграть роль
	первые ласточки
	культура театра
	врожденный талант

	репертуар театра
	прогрессивные произведения
	народные артисты
	играющие
	около ста зрителей
	основываться
	сцена
	мастер

7-тапсырма. «Театр» тақырыбы бойынша етістіктерді атаңыз.

Мысалы: Бару, көру, қарау, тамашалау, сатып алу, орналасқан, сөйлесу.

Театрға бардым. Кеше театрға бардым. Мен кеше театрға бардым. Мен кеше театрға қойылымға бардым.

Жазылым

8 - тапсырма. Берілген сөйлемдерді өз ойыңызбен аяқтаңыз.

Театр_____орны. Мұнда
 _____көптеген_____шаралар да өтеді. Қазақ театр
 өнері_____негізделген.Бұл күнде облыс _____
 драма театрлары ашылды.

9-тапсырма. Берілген фильм атауларын суреттермен жұптастырыңыз.

1. Көксерек.
2. Алдар көсе.
3. Шабандоз қыз.
4. Менің атым- Қожа.
5. Амангелді.
6. Туған жер.
7. Қараш-қараш оқиғасы
8. Қозы Көрпеш – Баян сұлу.



а)



ә)



б)



в)



г)



д)



е)

ж)

10 – тапсырма. Мәтінді оқыңыз, қазақ тіліне аударыңыз.

Областной казахский театр драмы

Костанайский областной казахский театр драмы по решению Акима области открыт в 2000 году, в год поддержки культуры. Официальное открытие театра состоялось 14 сентября 2000 года в присутствии Президента РК Н.А.Назарбаева, на котором он присвоил театру имя Ильяса Омарова. Был показан отрывок из спектакля «Абылай хан». В спектакле отражен рост Абылайхана, как политический, так и духовный, в результате которого он стал великим полководцем и политическим лидером своего народа. В нем также показано душевные волнения Абылая, его личные качества. Спектакль «Абылайхан» является своего рода визиткой театра. Жизнь «Абылайхана» началась одновременно с жизнью нового театра.

11-тапсырма. Берілген сөздерді септеңіз: театр, өнерпаз, актер.

Атау.
Ілік.
Барыс.
Табыс.
Жатыс.
Шығыс.
Көмектес.

Тыңдалым

12-тапсырма. Мәтінді оқып, септік жалғауларын табыңыз.

Қазақ театры

Театр – ойын-сауық орны. Мұнда ойын-сауықтан басқа драмалық шығармалар, мәдени шаралар да өтеді. Театр ең алғаш Грецияда ашылған. Қазақ театр өнері ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерімізге негізделген. Үйлену салты, шілдехана тойымен байланысты өтетін ойын-сауықтар, ақындар айтысы, т.б. дәстүрлеріміз театр өнерінің алғашқы көріністері болған.

1917 жылы Ойқұдық жайлауында (қазіргі Семей облысы, Абай ауданында) М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясы тұңғыш рет қойылды. Театр шымылдығы 1926 жылы М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясымен ашылды. Театр құрылған жылы онда Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Елебек Өмірзақов және тағы басқа өнер таланттары қызмет етті. Олар театр тарихында өшпес із қалдырған.

Қазір біздің облыс орталығында М.Горький атындағы орыс драма және қуыршақ театры және И.Омаров атындағы қазақ драма театры да бар. Соңғы жылдары театр репертуары байи түсті.

2-тақырып. Қазақ халқының ұлттық қолөнері.



ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаймыз оқимыз.

1. Тірек сөздермен жұмыс

Көшпелі шаруашылық, әшекей, киім-кешек, білезік, киіз үй жабдықтары, шылбыр, жүген, құрық, кісен, көзе, найза, зергерлік бұйымдар, кебеже, сандық, сырмақ.

Ойтүрткі

Қолөнер дегеніміз не?

Қолөнердің қандай түрлері болады?

Қазақ халқы жүннен не жасаған?

Кесте тігудің қандай ерекшеліктері бар?

2. Мәтінді оқып тақырып бойынша пікірлесіңіз. Ұлттық қолөнер туралы әңгіме өрбітіңіз.

Сөзге де шебер, іске де ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш еткен құндылықтардың бірі – оның қолөнері. Ағаштан, темірден түйін түйген, жүннен көз жауын алғандай

бұйым жасаған, асыл тастан, алтыннан «сымға тартқан күмістей» сән тағымдарын соққан, сүйек пен мүйізді, шиді қиынынан қиыстырған халық шеберлерінің ісі - қалай мақтауға да тұратын өнер туындысы.



ОҚЫЛЫМ

3. Мәтіндерді оқыңыздар.

№1 Оқылым

Қолөнер.

Қолөнер- ежелден келе жатқан кәсіп. Ол халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Қазақ халқының қолөнері деп тұрмысында жиі әртүрлі материалдарды пайдаланған өнер жиынтығын айтады. Олар: тоқу, өру, тігу, кестелеу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу тәсілдері. Қазіргі таңда ата дәстүрін құрметтеп, қолөнер шеберлері оларды дамытып, қайта жаңғырту үстінде.

Қолөнер, қолданбалы өнер – дәстүрлі тұтыну және сәндік бұйымдарын жасайтын ұсақ өндіріс. Қолөнершілер негізінен табиғи шикізаттарды пайдаланып, қарапайым еңбек құралдарының көмегімен көркем композицияның шешімімен тұрмысқа қажетті мүліктер, музыкалық аспаптар, қару-жарақ, құрал-саймандар жасайды. Әрбір қолөнер туындысы өз заманының материалдық мәдениетінің үлгісі және халық талғамының, әлеуметтік қоғамдық жағдайының, діни сенімінің, салт-дәстүрінің нақтылы көрінісі.

Қазақстанда көшпелі шаруашылықтың қажетіне сай қолөнершілер мал шаруашылығына керекті желі, шылбыр, ноқта, бұршақ, жүген, кұрық, бұғалық, тұсау, өре, шідер, кісен, қада, ер-тұрмандар жасаумен шұғылданды. Олар құмнан, тастан, саздан құмыра, көзе, ыдыс-аяқ; мүйізден, сүйектен, мал мен аң терісінен, ағаштан әшекейленген нақышты дүние-мүлік, домбыра, қобыз, сыбызғы, шаңқобыз сияқты музыка аспаптарын; темірден, мыстан қылыш, найза, қанжар, айбалта, күрзі секілді құрал, қару жасады. Қазақ халқының қолөнерінде киіз үй жабдықтарын, ағаш төсек жасау, түйін тую, ши орау, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу, сондай-ақ моншақ, білезік, сақина, сырға, алқа, шолпы сияқты зергерлік бұйымдар жасау кең дамыды. Қолөнердің бір түрі – кесте тігу. Кестені ұсақ моншақтан, түрлі жылтыр жіптерден жасайды.

Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстың кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат та құра білді. Қолөнерде жүнді пайдаланады. Жүннен киіз басады, кілем және ши тоқиды, пима басады. Халықтың қолөнеріне әдет-гұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегі, ағаш керует, кебеже, сандық жасап, кілем, сырмақ, алаша, ши, түрлі бау-басқұрлар тоқып, арқан, жіп есіп, көннен

және илеулі теріден қайыс, таспа тіліп, өрім өріп, қолдан әр алуан ыдыс-аяқ, адалбақан, асадал, бесік және т. б. көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдарымен жасады.

Бейнелеу өнерінің әртүрлі салалары көп. Мысалы, ағаш өңдеу, жүн, қыл өңдеу. Бұл тек ұлттық өнерге қатысты саласы. Осылардың барлығына ортақ – ою-өрнек. Ою-өрнек халықтың ұлттық нақышын көрсететін, өзге ұлттан ерекшелейтін белгісі.

Жоғарыда айтып кеткен тәсілдерден басқа қолөнерге аң аулау, мал өсіру, ағаштан дайындалған үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтар жатады.

Ағаштан үй бұйымдарын жасайды: бесік, ыдыс-аяқ, ағаш кереует, сандық және т.б.

Қазіргі кезде қолөнер элементтерін үй интерьерінде, киім сәндеу кезінде, бас киімді әшекейлейгенде көп қолданып жүр. Оның орындалу технологиясына да ерекшеліктер енгізіп отыр. Дегенмен қазақ қолөнері өз халқының мұрасын сақтап қалған.

№2 Оқылым. Кесте.



Кесте – сәндік қол өнерінің бір түрі. Мата, тері, киіз, т.б. материалдар бетіне әр түрлі боялған жіптермен, жібек зерлермен сурет, өрнек салып тігу арқылы жасалады. Ежелден халық арасына кең тараған. Кестенің алғашқы үлгілерін Пазырық және Ноин-ұлан (б.з.б. 5 ғ.) қорғандарынан табылған құрал-жабдықтардан (түскиіз, түскілем, киім-кешектер, жауынгерлердің сыртқы су қағарлары, шекпен, қамзол, желең) көруге болады. Кесте инемен, бізбен және кесте машинасымен тігіледі. Кейде Кестеге моншақ, інжу, маржан, т.б. асыл тастар тағылады. Кестені материалдың бетін түгел бастыра немесе гүл шоғырына ұқсатып та әшекейлейді. Бұйымды тұтастай бастыра әшекейлеу үшін шалыс, жатық, терме, жөрмеу тәсілін қолданады. Кестенің біз кесте, баспа жылтыр, тамбурлы кесте, албыр кесте (екі ізді), кенебе ине, т.б. түрлері белгілі. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар. Біз кесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кергіш ағашқа керілген матаның бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді. Шым кесте – тігілетін матаның ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестелеген шымқай кесте. Әредік кестеде матаның әр жері әшекейленіп, бөлек-бөлек өрнек салынады. Шым кесте тұс киіз, сандыққап, мақпал шапан, орамалдың алақаны, жастық жапқыш,

кежім, сәукеле, т.б. көптеген заттарға төгіледі немесе бөлек матаға төгіп қондырылады. Әрәдік кесте тақия, балақ, өңір, жаға, етекке және кең қоныш етіктердің бұрыш-бұрышы сияқты заттарға төгіледі немесе бөлек төгіп қондырылады. Геом. кескінді бейнелейтін Кесте жіп санап тігілсе, ирек өрнектер, әр түрлі суреттер алдын ала жүргізілген ізді қуалай тігіледі.

Сонымен бірге матаның Кесте түсер тұстарының жібін суырып тастап немесе қалың мата бетін алдын ала ойып алып та тігеді. К. тігу өнері қазақ халқына өте ертеден таныс. Байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінде Кесте ні зерлеп, маржандап, торлап, түктеп тігу тәсілдері кездеседі. Қазақ салтында үй жиһаздарын (тұс киіз, киім жапқыш, төсек жапқыш және үзік-туырлықтар), киім-кешектерді (кимешек, тақия, қамзол, кеудеше, т.б.), аяқ киімдерін (кебіс, мәсі, биік өкше етіктер, т.б.), қол орамалдар мен ертұрмандарды, т.б. тұрмысқа қажетті заттарды безендіру үшін Кесте көп пайдаланылған. Алтындап, күмістеп тігу сән-салтанат бұйымдарына тән. Бұл үшін көбінесе барқыт, плюш, атлас, қырмызы сияқты бағалы маталар пайдаланылады. Мұндай тігістерге өзіне арналып жасалған алтын және күміс жіптер қолданылады. Кейде алтын, күміс түстес жіңішке жиек сулары (зер) пайдаланылады. Алтындап тігуде, көбінесе, бедерлі, бедерсіз басып тігу әдісін қолданады. Алтындап тігу кестесіне маржандап тігуді де аралас жүргізеді. Алтын жіппен тігу түркі

халықтарының бәріне тән өнер. Алтын кестелі тон, шапан, айыр қалпақ, кемер белбеу, сал шалбар, қамзол, сәукеле әдемілік әшекейінің ең асылы және бағалысы болып есептеледі. Қазақстанда құрылған “Тұскиіз” (Алматыда), “Өнерпаз” (Таразда), “Өрнек” (Өскеменде) секілді фабрикалар қазақ халқының К. өнеріне тән стильдегі бұйымдар жасайды. Олар өмір талабына сай екшеліп, жаңа түр-мазмұнға ие болуда. Республикамызда 400-ден астам Кесте ілер есімі белгілі. 1926 ж. Парижде өткен дүниежүз. көрмеде Р.Барлыбаева кестелі тұскиізі үшін халықар. сыйлық алды. 1957 ж. Респ. 1-көрмеде қарағандылық Баймағамбетова, зайсандық Құнақова, семейлік Абаеваның Кестелері көркемдік жағынан жоғары бағаланып, бірінші сыйлыққа ие болды.

№3 Оқылым Кебеже



Кебеже — тамақ сақтауға арналған сандық сияқты ағаш бұйым. Кебеженің түбі қалың

тақтайдан жасалады. Оның қақпағы кәдімгі сандықтың қақпағы сияқты, кейде жармалы да болып келеді. Жармалар не көлденең кергіш ағашпен, не таспамен жалғастырылады. Кебеженің беті де асадал сияқты кейде сырмен, кейде сүйекпен ою салып өрнектеледі. Көшпелі заманда сүр ет, құртмай салып сақтауға, түйеге тендеп алуға ыңғайлы бұйым болған. Кебеженің ұзындығы 70-90, биіктігі 40-50, ені 40-45 сантиметр. Кебеженің бет жақтары тегіс өрнектелген. Төрт бұрышында күмістелген төрт дөңгелек дөңес жұлдыз бар. Олардың арасы кебеженің жиегін құрайды. Ортасы күмістелген оюлармен өрнектеліп, түсті бояулармен көркемделген. Ою мотиві зооморфтық, өсімдік тектес және символдық суреттер араласа, бір-бірін толықтыра орналасуымен ерекшеленеді.



ЖАЗЫЛЫМ

4. Тұрақты сөз тіркестермен сөйлем құраңыз.

Бес аспап-өнерлі; бет қақтырмау-бой бермеу; бетке шіркеу болды-ұятқа қалдырды; бит қабығынан биалай тоқыған-өте шебер; бетегеден биік, жусаннан аласа – көзге түсуге тырыспайтын, орынды-орынсыз сөйлемейтін адам; ер қаруы-бес қару-қылыш, найза, садақ, шоқпар, сойыл –ерлер асынып жүретін қарулар.

5. Қолөнерге, қолөнер шеберлеріне байланысты берілген түсініктерді оқып, олардың қолынан шыққан бұйымдарын атаңыз.

Қолөнер – халықтың өз қолымен жасайтын ұлттық мәдениет және өнер туындысы.

Дәуіт – пайғамбар, ұсталар шеберлердің пірі.

Ұста – темірден заттар жасайтын шебер.

Зергер – асыл тас, алтын, күміс бұйымдар, тағымдар жасайтын үлкен өнер иесі, шебер.

Тігінші – киім тігетін шебер

Үйші – киіз үй сүйектерін жасайтын шебер

Етікші – аяқ киім тігетін шебер.

Өрімші – қайыстан ат әбзелдерін жасайтын шебер.

Ерші – ер шабатын, шеберлер тілімен айтқанда ер қосатын адам.

Ағаш шебері – ағаш заттарын жасайтын шебер.

Бәдізші – тасқа өнер салатын, заттар жасайтын шебер.

Тоқымашы – тоқыма бұйымдарын жасайтын шебер.

6-тапсырма. Суреттер бойынша әңгіме құраңыз.



СӨЙЛЕСІМ

7.Сөйлесеміз. Мәтін бойынша ой алмасу.

1. Мәтінге сұрақ қойыңыз.
2. Қолөнер қандай кәсіп? Қолөнерде ою өрнекті қолданудың қандай мәні бар?
3. Жүннен жасалған бұйымдардың Адам ағзасына қандай пайдасы бар деп ойлайсыз?
4. Мәтінге қатысты тірек сөздерді атаңыз. Ең көп аталған сөздерді түртіп алыңыз.
5. Қандай қолөнер шеберлерін білесіз?

3-тақырып. Сәулет және құрылыс өнері

1-тапсырма: Тірек сөздермен жұмыс.

Қоғамдық ғимараттар, тұрғын үйлер, эстетикалық тағам, кромлехтер, сәулет туындылары, бекініс және су қоймалары, пирамидалар, тіршілік ортасы, өнеркәсіптік кешендер, үңгірлер, ғибатханалар, Аякқамыр күмбезі, Алаша хан күмбезі.

Ойтүрткі

1. Сәулет өнерінің басқа салалармен байланысы қандай?
2. Біздің заманымыздан бұрынғы мыңжылдықта ірі тастан қаланған монументті құрылыстарға нені жатқызуға болады?
3. Сәулет өнерінің дамуына зор үлес қосқан елдердің бірі?
4. Сәулет және құрылыс өнеріне өз көзқарастарыңыз қандай?

Сөйлесеміз


Мәтінді оқыңыздар



Оқылым №1

Сәулет және құрылыс өнері – құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері. *Архитектура* латынша *architectura*, ал грекше *architekton*, яғни құрылысшы деген мағынаны

білдіреді. Архитектура туындылары адамның күнбе-күнгі тіршілік ортасын қалыптастырады. Олар: әр түрлі қажеттіліктерді атқаруға арналған және адамның эстетикалық талғамына жауап бере алатындай болып салынған тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер.



Сәулет өнері – техниканың, ғылымның және өнердің тоғысқан жері. Адамзат баласы көне заманнан бастап құрылыспен айналысқан. Адамдар неолит кезінде үйді ағаштан, қамыстан, талдан және балшықтан салды. Су айдынында, қағылған қазықтың үстіне тұрғызылған үйлер де болған. Біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың ортасында ірі тастардан қаланған монументті құрылыстар: кромлехтер, менгирлер мен дольмендер пайда болды. Менгирлер тігінен қойылған биік тастар тізбегінен тұрады. Дольмен – қатар қойылған екі тастың үсті үшінші таспен жабылып, біріне-бірі жалғасып келетін дәліз іспеттес. Сәулет өнерінің дамуына зор үлес қосқан, елдің бірі – Грекия. Көне грек архитектурасының ең күшті дамыған кезі –

біздің заманымыздан бұрынғы 5 ғасырдағы Периклдың билік құрған тұсы. Алдымен, Афина қаласының ең биік жеріндегі жартасқа ауданы 300X130 м жерге Акрополь салынды. Ортасында сәулетшілер Иктин мен Калликрат Парфенон ғибадатханасын ұзындығы 70 м, ені 31 м (біздің заманымыздан бұрынғы 448 – 438) тұрғызды. Ғимарат шатырын биіктігі он метрге жуық, 136 (периметріне қойылған) бағана ұстап тұрды. Ішіне Фидий жасаған Афина мүсіні орнатылды. Грек сәулетшілерінің дүниежүзілік архитектураға қосқан бір жаңалығы – архитектуралық ордерлер жүйесі. Ордерлік жүйе бірнеше құрамдас бөліктен тұрады және олардың өзара орналасу тәртібі бар. Ең басты белгісі – бағана, олардың ұшар басы капитель деп аталады. Бағаналар – антаблементті (арқалықты) көтеріп тұрады. Ордерлік жүйенің үш негізгі түрі болған: дори, ионика және коринф ордерлері. Рим сәулет өнері дамудың үш кезеңінен өтті: патшалық дәуір (біздің заманымыздан бұрынғы 8 – 6 ғасырлар); республика кезеңі (біздің заманымыздан бұрынғы 5 – 1 ғасырлар) және императорлық дәуір (біздің заманымыздан бұрынғы 1 ғасыр – біздің заманымыздың 5 ғасыры). Римнің дүрілдеп тұрған кезінде туған құрылыс – Пантеон, құдайлар құрметіне орнатылған ғимарат. Оны сәулетші Аполлодор Дамасский 118 – 125 ж. салған. Диаметрі 43 м. дөңгелек қабырға тұңғыш рет күмбезбен

жабылды. Кірпіш аралас бетон қабырға алтын түсті сарғылт мәрмәрмен қапталды. Пантеонның диаметрі мен биіктігі бірдей – 43,5 м. Жарық жоғарыдан диаметрі 9 м тесіктен түсіп тұрады. Римнің таңқаларлық құрлыстарының бірі – 80 мың адам сиятын Колизей амфитеатры, онда ордерлер жүйесі қолданылды.



Еуропа елдерінде 17 ғасыр мен 18 ғасырдың 1-жартысына дейін дамыған барокко стилінің басты ерекшелігі сәулеттік туынды тіп-тік, тақтадай жазық болмайды, оның әр қыры мүсіндік, болмаса әшекейлі әлеміштермен өрнектеледі, сәулетші мүсінші сияқты кең тыныспен, қиялға еркін беріліп жұмыс істейді. Еуропа елдерінде 17 – 19 ғасырларда классицизм стилі дамыды. Бұл бағыт, ежелгі дәуір архитектурасы мен ренессанстық архитектураның композициялық әдістері мен түрлерін жетілдіруден туған. Шығыс архитектурасының тарихы біздің заманымыздан бұрынғы мыңыншы жылдардан басталады. Үндістанда мінажат үйлерінің сәулетті нұсқалары: ступалар, үңгір-ғибадатханалар және жер үсті ғимараттары салынды, зәулім сарай кешендері

пайда болды. Үнді архитектурасы композициясының байлығымен, түрінің әсемдігімен және мүсіндік бейнелердің әсерлілігімен көз тартады. Олар: біздің заманымыздан бұрынғы 1000 ж. салынған Каджураходағы, 14 ғасырда салынған Танджордағы ғибадатханалар. Қытай архитектурасының басты ерекшелігі өз елінің сенім-нанымынан туып, тұрмыс-тіршілігіне және табиғатына сай келеді. Жалған монументалшылдық пен бос әлеміштер кездеспейді. Әр тетік лайықты орнында тұрады, бар нәрсенің қолданыс табуы ақылға сыйымды. Әлемге әйгілі Ұлы Қытай қорғаны біздің заманымыздан бұрынғы 3 ғасырда салынған, Цзяюйганьнан (Ганьсу провинциясы) Ляодун шығанағына дейін созылған. Ежелгі Жапония архитектурасының жетістіктері ғибадатхана кешендерімен байланысты. Атап айтқанда олар: Нарадағы (көне астана) Хорюдзи (7 ғасыр), Якусидзи (7 – 8 ғасырлар), Удзидегі Бедоин (11 ғасыр), Киото қаласының түбіндегі Дзиседзи (15 ғасыр) ғибадатханалары. Бұл көне құрылыстардың кейбір композициялық құрылымы 14 – 18 ғасырларда өз жалғасын тапты. 19 ғасырдың 2-жартысынан бастап, 20 ғасырдың басында әлемде өндірістің жаңа түрлерінің пайда болуына байланысты фабрикалар, зауыттар, электр стансалары, вокзалдар, аңғарлар, гараждар, элеваторлар салынды және банктер, биржалар, фирмалар жұмыс істей бастады. Қалаларда көп қабатты үйлер бой көтерді, театрлар, музейлер,

ауруханалар, ғылым және оқу ғимараттары салынды. Құрылыс техникасының дамуына байланысты бұл кезеңде металл, әйнек, темір-бетон кеңінен пайдаланылды. Үлкен кеңістіктерді жаба алатын, зәулім үйлер тұрғызуға мүмкіндік беретін жаңа жүйелер мен тәсілдер туды (ірі блокты, ірі панельді қабырғалар, тақия-күмбездер, ванттық құрастырмалар, т.б.). Инженер Александр Эйфель металдан 1889 ж. биіктігі 312 м Эйфель мұнарасын орнатты. Америкада көп қабатты зәулім үйлер пайда болды. Алғашқы биік үй 1880 ж. салынды. 55 қабат «Булворт-билдинг» 1913 ж., 77 қабат «Крайслер – Билдинг» 1932 ж. салынып бітті. 30-жылдардағы ең биік (380 м) 102 қабат «Эмпайр стейт билдинг» ұзақ уақыт биіктігі жағынан 1-орында тұрды. 1971 – 73 ж. Нью-Йоркте архитектор Минору Ямасакидің жобасы бойынша Халықаралық сауда орталығының призма тектес екі үйі іске қосылды (биіктігі 412 м, 110 қабат). Қазіргі әлемдегі ең биік ғимарат – «Сирс-Орбак» Чикагода, биіктігі 442 м, 109 қабат. Дүние жүзі архитектурасының дамуында көптеген бағыт болды: конструктивизм, функционализм, метаболизм, модерн, халықаралық стиль, органикалық архитектура, рационализм. 20 ғасыр архитектурасының дамуына зор үлес қосқан Огюст Перре бірінші болып қаңқалық құрылымдарды, темір-бетонды қолданды, құрылысқа стандарттауды және өнеркәсіптік әдістерді кіргізді. Италия

инженері әрі архитектор Пьер Нерви армоцементті ойлап тауып, темір-бетонды тиімді және көркемдік тапқырлықпен пайдаланды. Ол Римде Спорт сарайын, Флоренцияда еңселі биік стадионды салды. Функционализмнің негізін қалаушылар Вальтер Гропиус пен Мис ван дер Роэ «Баухауз» көркем құрылыс мектебін басқарды, архитектуралық формалардың қалыптасу заңдылығын зерттеді. Америка архитекторы Франк Райт органикалық архитектураның (Пенсильваниядағы «Су үстіндегі үй», Нью-Йорктегі «Гуггенхейм» музейі) негізін қалады. Француз Ле Корбюзьенің архитектура тарихында алатын орны өте зор (Роншандағы капелла, Марселдегі тұрғын-үй, Чандигархтың жобасы, ондағы тұрғын және қоғамдық үйлер). Жапон сәулетшісі Кэндзо Тангэ жас кезінде Ле Корбюзьенің әсерінде болған, кейін өз жолын, шеберлік арнасын тапты. Оның Олимпиялық спорт кешені «Йойоги» 22 мың адам сиятын стадионнан, төрт мың адамдық жабық спорт залынан тұрады. Бұл спорт кешені мүсіндік сұлулығымен, батыл инженер-конструкторлық шешімімен, көлемінің динамикасымен ерекше көзге түседі. Тарихшыларымыздың айтуынша қазіргі уақытта Қазақстан жерінде 600-ден астам неолит және энеолит дәуірінің ескерткіштері мәлім. Неолиттік тұрақтар орналасу сипатына қарай – бұлақ, өзен, көл, үңгір тұрағы деп төрт түрге бөлінеді. Орталық Қазақстанда да кромлехтер, менгирлер, дольмендер

болған. Бұлардың қойылу ретінде де Мысырдағы, Орталық Америкадағы құрылыстар сияқты астрономиялық заңдылықтар ескерілгендігі, сол кездегі діни-нанымдарға орай салынғандығы байқалады. Қазақстан жерінде біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықта тиграхауда сақтары тайпаларының үлкен тобы қоныстанған. Олар Қазақстан жерінің оңтүстік-шығысы мен оңтүстігін толық игерген. Сырдария, Іле, Талас, Лепсі, Есік, Шелек, Шарын, Кеген өзендері аңғарларында көптеген үлкенді-кішілі обалар шоғырланған. Биіктігі 20 м-ге дейін жететін «патша» обалары Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда өте көп. Біздің заманымыздан бұрынғы 5 ғасырға жататын Бесшатыр қорымынан («сақ пирамидаларынан») бөренелерден тұрғызылылып, жақсы сақталған ірі құрылыстар табылды. Бұлар Орта Азия мен Қазақстанда ағаштан салынған сәулет өнерінің ең ежелгі бірегей ескерткіштері болып табылады. Бесшатыр қорымы Іле өзенінің оң жағасында. Ол 31 обадан тұрады, олардың 21-і таспен, ал 10-ы қиыршық таспен және топырақпен жабылған. Үлкен обалардың диаметрі 45 м-ден 105 м-ге, биіктігі 6 м-ден 18 м-ге дейін жетеді. «Алтын адам» табылған Есік обасы үлкен қорымның оңтүстік шетінде орналасқан. Біздің заманымыздың 6 – 7 ғасырларында керуен жолының үстінде, Қазақстан жерінде Тараз, Құлан, Сайрам (Исфиджаб) Отырар, Сығанақ, Құмкент, Созақ, Алмалық сияқты ірі

қалалар, Ақыртас, Баба Ата, Ақсүмбе сияқты қорған-бекіністер болған. Оңтүстік қалалары бекініс, шаһристан, рабаттан тұрған, су құбырлары болған. Торғай, Жыланшық, Кеңгір, Жезді, Сарысу өзендері бойынан 10 – 11 ғасырларда өмір сүрген алпысқа жуық қалашық орындары анықталды. Бабаджа хатун күмбезі, Айша Бибі мазары, Жұбан ана күмбезі, сәулет өнерінің күрт дамығанын көрсетеді. Қарахан әулеті тұсында Алаша хан күмбезі, Жошы хан күмбезі, Аяққамыр күмбезі, Қожа Ахмет Иасауи кесенесі 10 – 14 ғасырлардағы Қазақстандағы сәулет өнерінің жоғары деңгейін танытады

Сөйлесеміз

Жоғарыдағы мәтінді 10 сөйлеммен баяндап беріңіздер.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстандағы қандай атаулы құрылыс өнерін білесіз?
2. Үшкілер үйісімен сипатталатын сәулет құрылысын атаңыз.
3. Мына ерекше құрылыс туындысының атауын атаңыз?




Ойқозғау

3-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырып бойынша пікірлесіңіз. “Әлемнің жеті кереметі дегеніміз не?” деген тақырыпта әңгіме өрбітіңіз.

Әлемнің 1-ші кереметі деп Египетте Каир қаласында орналасқан ең үлкен үш пирамида Хеопс, Хефрена, Микенна пирамидаларын айтады. Бұл қазіргі таңға жетіп отырған жеті кереметтің бірі.

2-ші керемет ол Семирамиданың аспалы бағы; ежелгі шығыстың ең үлкен, әрі дәулетті қаласы вавилонда болған деседі. Бұл сол замандағы патша Навуходоносор патшаның сүйікті әйелі не арнап салдырғаны болатын, биіктігі 6 - қабат үйдің биіктігіндей болған.

3-ші кереметкіші Азиядағы Эфес қаласында орналасқан әйел пірі грек Артемиданың ғибадатқанасын айтады.



4-ші кереметі деп Грецияның оңтүстігінде олимпиялық ойындар орталығы - Олимпиядағы ғибадатханада ежелгі гректің сыйынатын құдайларының бірі Зевстің үлкен мүсіні болған.

5-ші Кіші Азияда Карий патшалығы деп аталатын шағын мемлекеттің астанасы Галикарнаста (қазіргі Түркияның Бодрум қаласы) бесінші керемет Мавсол патшаның мавзолейі болған.

6-шы Родос алыбы деп аталады. Бұл әлемдегі ең үлкен мүсін болған, биіктігі 36 метр биік, қоладан жасалған жас жігіт мүсіні.

7-ші кереметі деп Александрия маягі (түнгі

бағдаршам), бұл Ніл өзенінің сағасындағы Фарос аралында, Александрия қаласында орналасқан.

Жазамыз

4-тапсырма. Төмендегі берілген тіркестерді казак тіліне аударыңыз

Национальная ценность-

Искусство-

Архитектура-

Ценное наследие-

Стиль постройки-

Проектировать здание-

Храм-

Памятник-

Международный стиль-

5-тапсырма. Сөз тіркестерін қолдана отырып сөйлем құраңыз.

Ірге тасы қаланды-

Бой көтерді-

Тұрғын үйлер-

Зәулім ғимараттар-

6-тапсырма. Төмендегі сөздердің ішінен сәулет және құрылыс өнеріне байланысты терминдер мен атаулар жасырылған. Соларды табыңыздар.

К	Н		Е	Д	Р	О	Н
---	---	--	---	---	---	---	---

А	Р		Т	И	К	А	Д
М	С		П	М	З	Ч	Б
Ф	У		Ж	Ю	И	Х	Я

7-тапсырма.

						Қ				
						Ұ				
						Р				
						Ы				
						Л				
						Ы				
						С				

1. Қазақстандағы сәулет өнерінің жоғарғы деңгейін танытқан кесене
2. Сәулет өнері деген не?
3. Үшбұрышты сәулет өнерінің атауы?
4. Сом тастан жасалған ғимараттар мекені?
5. Белгілі бір тарихи кезеңде пайда болған үлкен туындыны не деп атайды?

6. Қазақстандағы обалардың көп шоғырланған орталығы?
7. Қожа Ахмет Йассауи кесенесі қай қалада орналасқан?

8-тапсырма. Тест тапсырмаларын шешіңіз.

1) Құрылысты жобалау, салу өнері?

- a) қолөнер
- в) сәулет өнері
- с) ағаш өнері
- d) дұрыс жауабы жоқ

2) Үйді ағаштан, қамыстан, талдан және балшықтан жасаған кезең?

- a) энеолит
- в) палеолит
- с) неолит
- d) дұрыс жауабы жоқ

3) Шеңбер жасап, төбелері жабылған тас құрылыстарды не деп атайды?

- a) дольмен
- б) кромлех
- с) менгир
- d) дұрыс жауабы жоқ

4) Сәулет өнерінің дамуына зор үлес қосқан елдің бірі?

- a) Түркия
- б) Мысыр
- с) Грекия
- d) дұрыс жауабы жоқ

5) Роман стилінің дамуына ықпал еткен мемлекет?

- a) Қазақстан
- b) Франция
- c) Грекия
- d) дұрыс жауабы жоқ

6) Эйфель мұнарасы қайда орналасқан?

- a) Франция
- b) Ресей
- c) АҚШ
- d) дұрыс жауабы жоқ

7) 10-14 ғасырлардағы Қазақстандағы сәулет өнерінің жоғарғы деңгейін танытқан кесене?

- a) Бабаджа Қатын
- b) Қожа Ахмет Йассауи
- c) Қарахан
- d) дұрыс жауабы жоқ

8) Пирамидалар қайда орналасқан?

- a) Мысыр
- b) Эфес
- c) Галикарнас
- d) дұрыс жауабы жоқ

9) Кесененің ішінде үлкен бар

- a) оба
- b) қазан
- c) домбыра

10) Римнің ең әйгілі құрылысы?

- a) парферион
- b) колизей

с) акведук

д) дұрыс жауабы жоқ

11) Менгирлер деген не?

а) тігінен қойылған биік тастар

б) қатар қойылған екі тастар

с) төбелері жабылған тастар

д) дұрыс жауабы жоқ

12) Құдайға арналған Вавилон мұнарасы?

а) Месопатомия

б) Мардук

с) Парферон

д) дұрыс жауабы жоқ

13) Афина қаласының ең биік жерінде салынған сәулет өнері?

а) Мардук

б) Нотр Дам де Париж

с) Мардук

д) дұрыс жауабы жоқ

14) Биіктігі 20 метрге дейін жететін обалар қайда орналасқан?

а) Жетісу

б) Сарыарқа

с) Жаркент

д) дұрыс жауабы жоқ

15) Айша-Бибі кесенесі қайда орналасқан?

а) Түркістан

б) Тараз

с) Алматы

д) дұрыс жауабы жоқ

4-тақырып. Көне және мәдени ескерткіштер



Оқылым.

Тыңдаймыз оқимыз

Тірек сөздермен жұмыс. Жазулар, алфавит, таңбалап жазу, ескерткіш, күмбез, кесене, өнер, жазба ескерткіштері, заманауи ескерткіш, Орхон-Енисей, ойма жазу, қолжазба, рухани мәдениет, жазба дәстүр, сәулет өнері, мұнара.



Оқылым

Көне түрік ескерткіштер

Көне Түркі жазулары немесе Көне түркі алфавиті - дыбыстық жазу түрі, яғни сөздегі дыбыстарды таңбалап жазады. Көне түрік жазулары 1893 жылы Томсен сырын ашты. Көне түрік жазуды руна жазбасы дейді.

Негізінен 6-10 ғасырларда үлкен аймаққа таралған Көне Түркі жазуларын ғалымдар үш топқа бөліп қарайды:



1.Енисей ескерткіштері.

2.Талас ескерткіштері.

3.Орхон ескерткіштері.

1.Енисей ескерткіштеріне Енисей бойынанжәне Тува, Хакас, Алтай республикаларының (бәрі де Ресей құрамындағы Түркі республикалары) аймағынан және Ресейдің батыс сібірде орналасқан Жаңасібір (Новосибирск) облысы мен Ертіс бойынан табылған жазулар жатады. Оның қолданылған, жазылған жылдары 5-7 ғасырлардың аралығы. Бұлай мақтан табылып отырған көне Түркі жазба ескерткіштердің жалпы саны қазіргі кезде шамамен 150-дей.

2.Талас ескерткіштері. Бұлай мақтағы жазулар Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Сыр бойы мен Қырғызстан аймақтарына таралған, соның ішінде көпшоғырланған жері қазіргі Жамбыл облысында. Қолданылған мезгілі бірыңғай 8 ғасыр. Ескерткіштердің жалпы саны шамамен 20 шақты.

3.Орхон ескерткіштері. Моңғолиядағы Орхон, Селенг, Тола өзендерінің бойынан және Ресейдегі Минусинск ойпатынан табылған ескерткіштер

жатады. Қолданылған мезгілі 7-8 ғасырлар. Ескерткіштердің жалпы саны 30 шақты. Алайда ең көлемді, ұзақ мәтінді жазбалар осы топқа жатады. Бұның ішінде тарихи құндылығы жағынан «Құтлығқаған», «Білгеқаған», «Күлтегін», «Тоныкөк», «КүліЧор» және «МойынЧор» ескерткіштерінің орны ерекше.

Көне түркі жазуы, түркі руникалық жазба ескерткіштері – 7–9 ғасырлардағы көне түркі ойма жазулары мен қолжазбалары, көне түркі әліпбиіндегі әр алуан мәтіндер. Көне түркі жазба ескерткіштері арқылы қазіргі түрік халықтарының көне тілін, тарихын, этногенезін, географиясын, рухани мәдениетін, жазба дәстүрін, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымын білуге болады.

Иссык жазба ескерткіш— сақ дәуірінен қалған жазба ескерткіш (б. з. д. 5—4 г.). 1970 ж. Іле өңірінің тау бектеріндегі Есік қаласы іргесіндегі Сақ заманынан қалған үлкен қорымнан алтынға бөленген жауынгер мәйіті және оның түрлі заттары, сонын ішінде жұмбақ жазуы бар күміс тостағанша табылған. Оның сырт жағына руна тәріздес 26 таңба ойылып жазылған. Ескерткіштің құндылығы — біріншіден, ертедегі Қазақстан жерін мекендеген сақ тайпаларының тілі көне түркі тілі екендігін, екіншіден, бұдан 2500 жыл бұрын түркі тектес тайпалардың әліпбилік жазуы болғанын дәлелдейді:

Могоилян жазба ескерткіш — Орхон өзені бойынан табылған көне түркі ескерткіші (7 ғасырдың

соңы). Ескерткіш Құтлұғ(Қабаған) қағанның баласы Могилянға арналған, мәтінін жазған Иоллығ Тегін, оны тапқан Н. М. Ядринцев, алғаш рет оқыған В. В. Радлов. Жазуда Могилянның, Күлтегіннің, Тоныкөктің жорықтары баяндалған.

Мойунчур ескерткіші — Орхон-Енисей көне түркі жазуымен 759 ж. жазылған ескерткіш. Оны Солтүстік Моңғолияда 1909 ж. тапқан Г. И. Рамстедт. Ол — ескерткіш мәтінін немісше аударып, 1913 ж. жариялаған. Бұл еңбекті Н. Оркун түрік тіліне, С. Е. Малов 1959 ж. орыс тіліне аударып жариялаған. Ескерткіш "Селенге тасы" деп те аталады. Мойун-чур сол кездегі ұйғыр мемлекетінің ханы болған. Ескерткіш мәтінінде жер-су, адам, тайпа, халық (ұйғыр, оғыз, тоғыз, татар, қырғыз, түркеш, түрік, соғды, қыпшақ т.б.) атаулары кездеседі. Ескерткіште әңгіме оғыз тайпасының өкілі атынан баяндалады.

Орхон ойма жазулары — Моңғолияның Орхон, Селенге өзендері бойынан табылған көлемді әдеби мұралар, хан әулетінің құлпытастары, 7—8 ғғ. жазылған көне түркі руникалық ескерткіштері болып табылады. Оған Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Күлі-чур, Мойун-чур т.б. ескерткіштер жатады. Ескерткіштер мен ондағы жазбаша деректерді ашып жариялаған — Н. М. Ядринцев, В. Томсен, В. В. Радлов.

Сөйлесеміз.Мәтін бойынша ой алмасу.

Оқылым бойынша тапсырмалар:

1.Мәтінге сұрақ қойыңыз.

2.Ескерткіш сөзінің мағынасы?

3.Көне түрік жазулары қай ғасырдарда үлкен аймақтарға тараған? Көне түрік жазуларын ғалымдар қанша бөліктерге бөліп қарастырды?


№2 Оқылым.Мәтінді оқыңыз.Мәдени ескерткіштер

Оңтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері



Айша бибі кесенесі- Қазақстандағы сәулет өнері ескерткіші. ХІХ ғ. салынған. Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Айша бибі ауылында орналасқан. Кесене құрылысын 1897ж. В.А.Киплаур, 1938-39жж. А.Н.Бернштейн жасаған КСРО ҒА Қазақ филиалының тарих және материалдық мәдениет экспедициясы. 1953 ж. Қазақстан ҒА-ның экспедициясы зерттеген Күмбезді Қарахан (Әулие Ата) салдырған. Бірақ кесенені салған сәулетші туралы нақты дерек жоқ. Пішіні шаршыланып біткен. Ауданы 7,6х7,6м. бұрыштар бағаны- тіреулер арқылы көтерілген. Кесене ортасында құлпытас (3х1,4м) орналасқан. Батыс жақ қабырға мен

бағаналар оюлы ұсақ плиткалармен қапталған. Қабырғаның ортасында сүйір арқылы текше жасалған.




Бабажы-қатын кесенесі – Қазақстандағы — 10 — 11 ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Тараз қаласынан 18 км қашықтықтағы Айша бибі кесенесінің маңында орналасқан. 1897 жылы В.А. Каллаур, 1938 жылы А.Н. Бернштам, 1953 жылы Т.Қ. Бәсенов зерттеген. Текше тәрізді тік бұрышты, қызыл кірпіштен тұрғызылған ескерткіштің ауданы 6,8х6,8 м, биіктігі 5 м-ден астам; қабырғаларына қаланған кірпіштерінің көлемі 24х24х5 см. Қасбеті мен 2 қапталы бір-біріне ұқсас, мәнерлеп қаланған кірпіштен күн тәрізді өрнектер жасалған. Жоғары жағы аркалы, ішке кірер есік шығыс жақ қабырғасында. Қабырғалардан сегізқырлы барабанға ауысатын тромпбелдеу жасалған.



Қарахан кесенесі - Қазақстанда 11 ғасырдан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Қазіргі Тараз қаласының батыс шетінде. Кесене Қарахан әулетінен шыққан белгілі хан Ша-Махмуд Бұғра Қарахан

кабірінің басына орнатылған. Күмбезі ғана құлаған кесененің төрт қабырғасы мен жылтыр кірпішпен өрнектелген қос мұнарасы 19 ғасырдың 90-жылдарына шейін сақталған. 1905 жылы оның құлаған бөлігі түгелдей бұзып алынып, орнына 1906 жылы жаңа кесене салынған. Жаңа құрылысты сол кездегі Ташкент ишаны Сайд Бакханов қаржыландырған. Кейінгі салынған кесене алғашқысына ұқсамайды.



Тектұрмас күмбезі – сәулет өнері ескерткіші. Орта ғасырдың басындағы көне қаланың орнында – Жамбыл облысының Талас ауданындағы Қызыларық ауылының маңындағы Талас өзенінің оң жағалауында орналасқан. Мазар (күмбез) 14 ғасырда салынған. Тектұрмас күмбезі түгелдей қираған, тек 19 ғасырдың 80-жылдарында түсірілген фотосурет бойынша ғана белгілі. Күмбезді мазар Сұлтан Махмұт ханның бейітіне орнатылған, астыңғы жағы төртбұрышты, жоғары жағы күмбезді, күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған. Есігі батысқа – Тараз шаһарына қаратылып, құрылыстың бұрышаруашылығыбұрыштарына қабыстыра сәнді бағаналар қойылғаны, қабырғалары сылақпен сыланғаны байқалады.



Арыстан баб кесенесі – Түркістан мағындағы ежелгі сәулет өнері ескерткіші. Түркістан халқының арасында мұсылман тілін таратушы Қожа Амет Иассауидің ұстазы болған Арыстан баб ата

қабірінің басына салынған. Кесене дәлізхана, мешіт, құжыраhana, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмелерден құралған. Кесененің ең көне бөлігі қабірхана болуы тиіс. Қазір де оның едені басқа бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Қабір үстіне алғашқы белгі XII ғасыр шамасында салынған.



Қожа Ахмет Иассауи кесенесі - Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңына тұрғызылған архитектуралық ғимарат. Қожа Ахмет Яссауи дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылуымен өзіне арнап соғылғын кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуеп ету орнына айналды.

Солтүстік және Орталық Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері

Беғазы кешені - Қазақстандағы қола дәуірінің соңғы кезеңінен сақталған тайпа көсемдері мен дін басыларының бейіттері. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай кентінің оңтүстік – шығысында 40 км жерде. Беғазы қорымының солтүстік – шығыс жақ шетінде орналасқан. 1947 – 1952 жыл Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі - Ә.Мағұлан)“ зерттеген 6 қоршаулы обалардан тұрады.

Беғазы қорымы— Қазақстандағы қола, ерте темір тоб. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай кентінің оңтүстік – шығысына қарай 40 км жерде.

Қаратал (Беғазы) өзінің оң жағалауында . 1947 – 49 және 1952 жылдары Орталық Қазақстан археология экспедициясы (жетекшісі Ә.Марғұлан) зерттеген.

Сөйлесеміз.Мәтін бойынша ой алмасу.

Оқылым бойынша тапсырмалар:

1.Мәтінге сұрақ қойыңыз.

2.Мәтінде жазылған мәдени ескерткіштердің өзіндік ерекшеліктері?

2.Көне және мәдени ескерткіштерінің негізгі айырмашылығы?

3.Мәтінге қатысты тірек сөздерді атаңыз.Ең көп аталған сөздерді түртіп алыңыз.

4.Осы мәтінде жазылған ескерткіштерден басқа қандай мәдени ескерткіштерді білесіз?

Жазылым.

3-тапсырма.Берілген сөздерді орыс тіліне

аударыңыз

Ескерткіш-

Рухани мәдениет-

Көне қала-

Кесене-

Жазбаша дерек-

Әдет-ғұрып-

Сәулетші-

Күмбез-

Ежелгі-

Сақталған-

Жазылған-

Жаңа-

Қала-

Дәлел-

4-тапсырма. Берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жазыңыз.

1.Таңбалап жазады,архитектуралық ғимарат,мәдениет экспедициясы.

2.Күн тәрізді өрнектер жасалаған,шамасында салынған,алуан мәтіндер,зерттеп салынған.

5-тапсырма.Мәтінге глоссарий жазыңыз:

Үлгі:Күмбез-ғимараттар мен құрылыстардың төбесін жабула қолданатын конструкциялық элементтердің бір түрі.

6-тапсырма.Сөз тіркестерінің алғашқы сыңарына сұрақ қойып жазыңыздар.

Үлгі: Таңбалап жазды - қалай жазды?

Орнына
қойды_____

сүйір орналасқан _____

ойылып жазылған _____

бөліп қарады _____

архитектуралық ғимарат _____

орны ерекше _____

рухани мәдениет _____

аударып жариялаған _____

жаңа кесене салынған _____

жазба дәстүрі _____

7-тапсырма.Сөйлемдерді қажетті сөздермен толықтырыңыз.

Тектұрмас күмбезі.

XIX ғасырда
салынған

26 таңба

Айша-Бибі

1. Орхон-Енисей _____ жазуымен ,759 жылы жазылған _____.

2. 14-ғасырда салынған _____.

3. Сырт жағына руна тәріздес _____ ойылып жазылған _____.

4. _____ Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Айша бибі ауылында орналасқан _____ кесенесі.

8-тапсырма. Көне түрік жазуларындағы осы мақал-мәтелдерді қалай түсінесіз.

1. Орхон жазуларында «Жырақ болса жаман сыйлық берер, жақын болса жақсы сыйлық берер»

2. Күлтегіннен: «Бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген»

3. Тоныкөктен: «Өлімнен ұят күшті»

9-тапсырма. Тест сұрақтары

1. Орхон жазба ескерткіштерінің кейіпкерлері:

А) Алып Ер Тұлға.

В) Домруыл, Баяндүр.

С) Оғыз-қаған, Төбекөз.

Д) Білге қаған, Күлтегін.

Е) Бисат батыр, Тұмар патшайым.

2. Ахмет Яссауи туған жер:

А) Түркістан.

В) Исфиджаб.

- С) Мерв.
- Д) Отырар.
- Е) Янгикент.

3.Көне түрік жазуы тіл тарихында қалай аталады?

- А) Санскритт
- В) Иероглиф
- С) Руна
- Д) Араб
- Е) Түрік

4.Көне түрік жазуының сырын кім ашты?

- А) В.Радлов
- В) В.Томсен
- С) Ш.Уәлиханов
- Д) В.Виноградов
- Е) Н.М.Ядринцев

5.Қай жылы көне түрік жазуының сыры ашылды?

- А) 1895 ж.
- В) 1774 ж.
- С) 1893 ж.
- Д) 1890 ж.
- Е) 1897 ж.

6.Қожа Ахмет Иссауи кесенесі қай ғасырда тұрғызылған?

- А)XI
- В)XIV
- С)XII
- Д)XVI

Е)XV

7.Беғазы кешенін қай ғалым ашты?

А)А.Ақбаев

В)Ш.Құдайбердиев

С)Ә.Бөкейханов

Д)Ә.Марғұлан

Е)Д.Ақбаев

8.Тараз қаласында орналасқан кесене?

А)Арыстан Баб

В)Қарахан кесенесі

С)Ахмет Йассауи

Д)Тектұрмас күмбезі

Е)Қорқыт ата

9.Түркістан қаласында орналасқан кесене?

А)Арыстан Баб

В)Айша Бибі

С)Бабажа Хатун

Д)Қарахан кесенесі

Е)Қорқыт ата

10.Қазақстандағы ескеркіштердің жалпы саны?

А)3мың

В)25мың

С)14мың

Д)11мың

Е)5мың

11.Могомиян жазба ескерткіші қай жылы табылған?

А)4 ғ.

В)6 ғ.

С)3 ғ.

Д)5 ғ.

Е)7 ғ.

12.Көне түркі жазуларын ғалымдар қанша топқа бөліп қарады?

А)3

В)2

С)1

Д)4

Е)5

13.Қай жылдары Қарахан кесенесі түгелдей бұзылып, қайта салынған?

А)1904-1907 жж.

В)1900-1902 жж.

С)1905-1906 жж.

Д)1908-1909 жж.

Е)1910-1911 жж.

14.Қазақстандағы 10-11 ғасырлардан сақталған сәулет өнер ескерткіші?

А)Айша-Бибі кесенесі

В)Қарахан кесенесі

С)Тектұрмас кесенесі

Д)Бабажа-қатын кесенесі

Е)Арыстан-Баб кесенесі

15.Орхон ойма жазулары қай ғасырдың ескерткіші болып табылады?

А)4-5 ғғ.

В)5-6 ғғ.

С)7-8 ғғ.

Д)6-9 ғғ.

Е)7-8 ғғ.

11-тапсырма. Тарихи мәдени ескерткіштердің қай жерде орналасқанын табыңыз



Арыстан баб кесені

**Тараз қаласы
батыс шетінде**



Тектұрмас күмбезі

Түркістан қаласы



Қожа Ахмет Иссауи кесенесі

**Жамбыл облысы Талас
ауданында**



Тараз қаласы Айша
Бибі ауылында 5 км

Қарахан кесенесі



Түркістан қаласы

Айша Бибі кесенесі



Тараз қаласы Айша
бибі ауылында

Бабажа Хатун кесенесі

5-тақырып. Менің Отаным – Қазақстан

*Бізде бір ғана Отан бар.
Ол – тәуелсіз Қазақстан!
ұрсұлтан Назарбаев*

Азия мен Еуропа құрлықтарының ортасында орналасқан ежелгі қазақ жері – қазіргі Қазақстан Республикасы үлкен аумақты алып жатыр. Ол дүние жүзіндегі екі жүзден астам мемлекеттің ішінде жер көлемі жағынан тоғызыншы орынды алады. Қазақстанның жері қандай үлкен болса, оның географиялық ерекшеліктері де әр алуан. Оңтүстігінде – Тянь-Шань тауларының Іле Алатауы сілемдері, солтүстігінде – Сібірдің мәңгі жасыл ормандары, шығысында – Алтай тауы, батысында – Каспий теңізі мен Орал таулары орналасқан.

Қазақстан жерінде көне өркениеттің ескерткіштері көптеп саналады. Айталық, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Отырар, Сауран, Сығанақ, Шымкент, Тараз, Түркістан сияқты қалалар мәдениет пен ғылымның орталықтары болған. Қазіргі кезде ғалымдар Арал теңізі маңынан, Маңғыстау түбегінен, Астана жанынан көне қалалардың орындарын табуда. Еліміздің ең қымбат тарихи жәдігері – «Алтын адам». Алматы маңындағы Есік обасынан табылған «Алтын адам» көне дәуірлерде Қазақстан жерінде жоғары өркениеттің болғандығын көрсетеді. Осындай «Алтын адамдар» еліміздің Шығысынан да, Батысынан да, Орталығынан да табылды. Яғни, қазақ жерінің барлық тұсында ежелгі мәдениеттің дамығандығын аңғартады. Көне дәуірлерден біздің заманымызға жеткен мәдени жәдігерлер қазіргі кезде мемлекет қорғауына алынған.

Қазіргі Қазақстан мәдениеті – сол ертедегі дәстүрлерді жаңғырта отырып, жаңа заманға сай мәдениет пен өнер қалыптастырған. Қазақстан мәдениетінің басты

ошағы – Алматы қаласы. Мұнда Абай атындағы опера және балет театры, М.Әуезов атындағы қазақ драма театры, цирк және орыс, неміс, ұйғыр, корей театрлары жұмыс істейді. Әлемге белгілі «Медеу» мұз айдыны – еліміздің мақтанышы.

Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мәдени, экономикалық дамуында Астана қаласының орны айрықша. Қалада қазіргі заманға сай көптеген ғимараттар салынуда. Әсіресе, Есiлдiң сол жағалауына салынған жаңа қала ерекше сәулетiмен көзге түседi. Қаланың бұл бөлiгiнде мемлекет басшысының резиденциясы «Ақорда», сенат, парламент, министрлiктер үйлерiмен бiрге «Бәйтерек», Ислам орталығы, Тәуелсiздiк, Бейбiтшiлiк пен келiсiм, Оқушылар сарайлары сияқты аса көрiктi нысандар көз тартады.

Қазақстан Республикасы экономикасы қарқынды дамуына – ондағы қазба байлықтардың молдығы ықпал етiп отыр. Елдiң орталығында қара және түстi металлургия, батысында мұнай және газ, шығысында алтын, күмiс қорлары мол. Сонымен бiрге, Қазақстан бидай өндiруден әлемдегi алдыңғы қатарлы елдердiң қатарында.

Елдiң iшкi және сыртқы саясатының тұрақтылығы – оны үлкен халықаралық бедел деңгейiне жеткiзiп отыр.

1-тапсырма. *Есте сақтаңыз.*

Территориясы – 2724,9 мың шаршы км

Халқы – 16,5 млн адам

Елордасы – Астана.

Мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Ұлттық ақшасы – теңге.

Діні: мұсылмандар – 75%-ға жуық

Ұлттық мерекесі – 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні.

2-тапсырма. *Қазіргі таңдағы қазақстандық қандай белгілі қоғам қайраткерлерін, саясаткерлерді, ғалымдарды, жазушыларды, ақындарды, әншілерді білесіз?*

<i>Қоғам қайраткері</i>	<i>саясаткер</i>	<i>ғалым</i>	<i>жазушы</i>	<i>а</i>
-------------------------	------------------	--------------	---------------	----------

3-тапсырма. *Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып көшіріңіз.*

Бүгінде Қазақстан дүние ... 145 мемлекетпен ... операцияларын жүргізуде. Экспорттық жеткізілімдер әлемнің 122 ... жүзеге асырылуда, ... тауарлар 115 мемлекеттен жеткізілуде.

Қазіргі ... Қазақстанның сыртқы рынокқа ... 200-ден ... түрі шығарылады.

Республиканың экспорттық ... маңызды тобын агроөнеркәсіп ... өнімі: талшықты мақта, жүн, ... дақылдары, былғары шикізаты, ет ... құрайды. Қазақстан сыртқы өнімдерінің ішінде мұнай, газ, металургия ... үлкен үлеске ие.

Керекті сөздер: жүзіндегі, сыртқы сауда, еліне, тауарлардың, кешенінің, импорттық, дәнді, консервілері, салалары, кезде, астам, тауарларының.

4-тапсырма. *Мәтінде берілген жалпы және жалқы есімдерді тауып, жазыңыз.*

5-тапсырма. *Төмендегі өлең шумағын жаттап алыңыз. Мәтіндегі асты сызылған сөздердің мағынасын ашыңыз.*

Қазақстан
Қазақстан дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін!
Бұл даланы анам жаспен сұарған,
Бұл далада атам қолға ту алған,
Бұл далаға жылап келіп ұанғам,
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,
Бұд далада өскен жанда жоқ арман!

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы 1920 жылы 26 тамызда құрылды және алғашқы кезде Қырғыз АССР-і деп аталып, РСФСР-дің құрамына кірді. 1936 жылы 5 желтоқсанда одақтас республикаға айналды. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Еліміз егеменді мемлекет болып жарияланды.

Ал 1991 жылғы 16 желтоқсан еліміздің тарихында алтын әріптермен жазылды. Осы күннен бастап «Қазақстан Республикасы» еліміз тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзілік қауымдастыққа енді.

2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақ АКСР қай жылы құрылды?
2. Қай жылы одақтас республикаға айналды?
3. Егемендік туралы Декларация қашан қабылданды?

3- тапсырма. Мақал-мәтелдердің орысша баламасын сәйкестендіріп жазыңыздар.

1. Ел іші – алтын бесік
Где вода- там достаток

Где народ – там праздник

2. Туған жердей жер болмас
золотая
Туған елдей ел болмас

Родная земля-
колыбель



3. Су жүрген жер береке
Родины
Ел жүрген жер мереке
на Родине

Нет земли лучше

Нет людей лучше, чем

4- тапсырма. Төменде берілген тірек сөздерді пайдаланып «Менің елім» атты шағын шығарма жазыңыз.

Ел тарихы, қалалары, тарихи орындары, халқы, мәдени, оқу-білім орталықтары, мемлекеттің әлеуметтік жағдайы.

5-тапсырма. Жалпы және жалқы есімдерден тұратын сөйлем құрастыр.

Сөзі: Жұмекен Нәжімеденов
Нұрсұлтан Назарбаев
Әні: Шәмиі Қалдаяқов

Менің Қазақстаным

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы.
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!



Туған жерім менің – Қазақстаным!

*Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!
Қайырмасы
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!*

Сабақты пысықтау сұрақтары:

1. Қазақстан қандай географиялық аймақта орналасқан?
2. Жер көлемі жағынан дүние жүзінде нешінші орында?
3. Еуропаның қандай мемлекетінен неше есе үлкен?
4. Іле Алатауы, Алтай, Орал таулары Қазақстанның қай тұстарында орналасқан?
5. Қазақ жерінде қандай өркениеттік ескерткіштер бар?
6. Қазіргі кезде қай жерлерден өркениет ошақтары табылуда?
7. Алматыда қандай мәдени орындар бар?

8. Астанада соңғы жылдары қандай ғимараттар салынды?
10. Қандай өнеркәсіп орындарын білесіздер?
11. Қазақстанның қазіргі экономикалық дамуы қандай деңгейде?
12. Әнұранның авторлары кім?
13. Отан туралы андай мақал-мәтел білесіз?

6-тақырып. Қазіргі тұрғын үй

1. Мәтінді оқып, мағынасын ұғып алыңыз.

Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй мәселесі

1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін барлық жағдайдың жасалуы қаралған. Тұрғын үй мәселесі өмірдегі ең басты мәселе болған және бола да береді. Ф.Энгельс: «Бір нәрсені өндіру үшін адамдардың тамағы, киімі және баспанасы болу керек...», -деген.

1993 жылғы 6 қыркүйекте ҚР Президентінің Жарлығымен «Жаңа тұрғын үй саясатының



мемлекеттік бағдарламасы және оны жүзеге асырудың механизмдері» бекітілді.

Қазақстан Республикасындағы жаңа тұрғын үй заңдылығы.

1992 жылғы 1 маусымда Қазақстан Республикасының тұрғын үй кодексі қабылданды. Қазіргі кезде негізгі заңшығарушы актілердің қатарында ҚР-ның 1997 жылғы 16 сәуірде қабылданған «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы жатады.

Тұрғын үй заңдылығы жатақханалар мен қызметкерлерге берілетін мекемелердегі мекенжайларды бөлу мәселесімен де шұғылданады.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан әр адамға 15-18 шаршы метр, ең кемі бір бөлмелі пәтер беріледі.

Мемлекеттік немесе әскери, бюджеттік ұйымдарда қызмет істемейтін азаматтар табысы аз, мемлекет тарапынан әлеуметтік қорғалатын азаматтар болып есептеледі. Оларға тұрғын үй ҚР

Үкіметі белгілегендей көлемде, ең кемі бір бөлме беріледі. Табысы аз әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтар «Тұрғын үй туралы» Заңның 68 бабымен белгіленген. Оларға I-III топтағы мүгедектер мен ҰОС-на қатысушылар, көп балалы азаматтар, зейнеткерлер, оралмандар, толымсыз отбасылар, мүгедек-балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар жатады.

2. Жаңа сөздермен таныс болыңыз.

тұрғын үй – жилье

қамтамасыз ету – обеспечить

жағдай жасау – создать условие

жүзеге асыру – осуществить

заңшығарушы акт – законодательный акт

жатақхана – общежитие

әлеуметтік қорғалу – социально обеспечить

табысы аз – малоимущий

көп балалы – многодетный

оралмандар –

мүгедек-бала – дети-инвалиды

толымсыз отбасылар – неполные семьи

3. Сұхбаттасыңыз.

- Қазақстанда тұрғын үй мәселесінің шешілу жайы қалай деп ойлайсыз?
- _____.

- Қала тұрғындарына тұрғын үй беру мәселесі бойынша жасалған мемлекеттік бағдарлама жайлы не білесіз?

- _____

- Мемлекеттік тұрғын үй қорынан әр адамға берілетін мекенжай көдемі қандай?

- _____

- Табысы аз азаматтар мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынған ба? Оларға кімдер жатады?

Жатыс септігіндегі сөздер кімде? неде? қайда? және қашан? деген сұрақтарға жауап береді.

1) дауысты, ұяң және үнді дауыссыз дыбыстардан соң - **да, -де;** М: дала+да, колхоз+да, ұл+да.

2) қатаң және ұяң *б, в, г, д* дыбыстарынан соң - **та, -те;** М: курс+та, Әуезовте, герб+те.

3) 3-жақтағы тәуелдік жалғауынан соң - **нда, -нде** болып жалғанады. М: қаласы+нда, көшесі+нде.

Барыс септігіндегі сөздер кімге? неге? қайда? деген сұрақтарға жауап береді. Жалғаулары: **-ға, -ге, -қа, -ке.** М: мектеп-ке, базар-ға, ауыл-ға, қала-ға, үй-ге.

3. Мақалдарды біліп алыңыз.



- Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім.
Үйі бардың күйі бар, үйі жоқтың күйі жоқ.
Үйдің жылы-суығы қыс түскенде білінер,
Адамның алыс-жуығы іс түскенде білінер.
Үй іші толған жансың, бір-біріңе меймансың.

4. Жатыс жалғаулы тіркестерге назар аударыңыз, оларды аяқтаңыз.

Қазақстан Республикасын-да-ғы ...;
Бүгінгі өмір –де-гі ... ;
1993 жылғы 6 қыркүйек-те-гі ... ;
Қызметкерлерге берілетін мекемелер-де-гі ... ;
Жаңа мекенжай-да-ғы ... ;
Тұрғын үй қорын-да-ғы ... ;

1. Мәтінді оқып, мазмұндаңыз, сілтеу есімдіктерін көрсетіңіз.

Біздің ауыл

Біздің ауыл қаладан 60 шақырым жерде орналасқан. Ауылдың көшелері түзу, кең, асфальттанған. Ауыл тұрғындары үйлерін жаңа сарынға лайықтап тұрғызып жатыр, ал ескілерін жақсы жөндеп алған.

Біз орталықтағы мына үлкен екі қабатты қызыл кірпіш үйде тұрамыз. Біздің үйіміз үлкен, жаңа. Өткен жылы әкем үлкен ағам екеуі бұл үйді қайта күрделі жөндеуден өткізді. Барлық бөлмелерге жаңа есік, терезелер қойылды. Екінші қабаттағы демалатын холл қайта жөнделіп, ол жерге компьютер қойдық.

Екінші қабаттағы менің бөлмемнің терезелері бақшаға қарайды. Біздің бақшамыз кең және онда алма, алмұрт, өрік сияқты жеміс ағаштары бар. Бізге келген қонақтар мұнда еркін демалады. Көктем, жаз айларында таңертең терезені ашсаң, жемістердің иісі аңқып, көңіліңді қуанышқа бөлейді.

Биыл ауылдың орталығында осы жаңа мектепті, мына кітапхананы, спорт кешенін салды. Келесі айда Мәдениет сарайы іске қосылмақ. Ауылда жастар көп, олар - институт бітіріп, жолдамамен келген мұғалімдер, дәрігерлер және ауыл шаруашылығы қызметкерлері. Бұған бәріміз қуаныштымыз.

Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін біліп алыңыз.

Ауыл тұрғындары – сельчане

Жаңа сарынға лайықтап – по новому стилю

Күрделі жөндеу – капитальный ремонт

Шаруакор – трудолюбивый

2. Суретке қарап, мәтіннен құрыңыз. Мәтінде ілік, барыс, табыс және жатыс септігіндегі сөз тіркестері болсын.



3. Сөйлемнің дұрыс нұсқасын табыңыз.

1. Мен 1985 жылда /жылы туғанмын.
2. Бүгін біздің/ бізге үйге қонақтар келеді.
3. Менің ағам Мәдениет сарайына / сарайында болды.
4. Ауыл орталығында / орталығына балалар бақшасы бар.
5. Жазда атам екеуіміз малға / малда шөп жинадық.
6. Апам қызына / қызға жаңа көйлек сатып алды.
7. Сізге/сіз де таза ауаға шығып демалыңыз.

4. Мәтінді оқып, баяндап беріңіз.



Астана –
Қазақстанның бас
қаласы. Бұл жақта
қыс – ұзақ, жаз –
қысқа. Қыста ауа
райы суық. Есіл –
әдемі өзен.
Астанада жаңа

қала салынып жатыр. Жаңа қалада үлкен әдемі ғимараттар көп.

Жаңа қалада денсаулық сақтау мекемелері көп. Қалалық аурухана, кардиологиялық орталық, «Мейірім», ана мен бала орталықтары бар. Астанаға қонақтар көп келеді. Олар Бәйтеректе, Думанда, Атамекенде, Пирамидада болады.


Бәйтерек монументі – Астананың мақтанышы. Оның биіктігі – 105 метр. 97 метр биіктікте көру алаңы орналасқан. Адамдар бұл жерден бүкіл Астананы алақандағыдай анық көреді. Монументте екі лифт жұмыс істейді.

5. Төмендегі сұрақтарға өз сөзіңізбен толықтырып жауап беріңіз.

1. Астана қаласының ауа райын сипаттаңыз.
2. Қаладағы жаңадан іске қосылған денсаулық сақтау мекемелерін білесіз бе?
3. Бәйтерек монументі жайлы не білесіз?
4. Астанадағы жаңа тұрғын үйлер сізге ұнай ма?



1. Қала үйінің ішкі сипатын айтып шығыңыз. Бұлар қандай бөлмелер?





2. Өзара сөйлесіңіз, барыс және жатыс септіктеріндегі сөздерді атап көрсетіңіз.

- Асқар, сен қалалық тұрғын үй департаментінде жұмыс істейсің бе?

- Иә, менің ол департаментте жұмыс істегеніме 5 жыл болды.

- Тұрғын үйді қалай алуға болады?

- Тұрғын үй мәселесі біздің республикамызда мына жолдармен шешіледі. Олар:

1. үйді ипотекамен алу;
2. өз қаражатына сатып алу;
3. тұрғын үйдің мемлекеттік бағдарламасына қатысу;
4. жеңілдікпен тұрғын үй алу;
5. тұрғын үй құрылысына қатысу.

- Ипотекамен алудың қиындығы неде деп ойлайсың?

- Ол үшін айлық жалақың көп болу керек.

- Мемлекеттік бағдарламамен кімдер пәтер ала алады?

- Қала тұрғындары, мемлекеттік қызметкерлер, 55-64 жас аралығындағы қарттар.

- Жеңілдікпен пәтер алушыларға кімдер жатады?

- 65-тен асқан қарттар мен зейнеткерлер, ҰОС-на қатысушылар, мүгедектер, көп балалы отбасылар, асыраушысы жоқ жалғызбасты аналар.

3.Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мәтінде қандай мәселе әңгіме болды?
2. Тұрғын үй алудың басты қандай жолдары бар?
3. Зейнеткер адам пәтерді қандай жолмен ала алады?
4. Мұғалімдер мен дәрігерлердің, жалпы бюджет қызметкерлерінің пәтерді қалай алуы мүмкін?

4.Сөйлемдерді толықтырыңыз.

- 1) Мараттың жалақысы аз болған... ипотекаға пәтер ала алмады.
- 2) Менің апам жеңілдік... пәтер алудың кезегінде тұр.
- 3) Біз өз қаражатымыз... пәтер сатып алдық.
- 4) Көрші ағай университетте мемлекеттік бағдарлама... пәтер алды.
- 5) Үлескерлік... құрылысқа кірудің қаупі бар.

5. Асты сызылған сөздер мен сөз тіркестеріне қойылатын сұрақтарды (қалай? қайда? несіне? қандай?) таңдаңыз.

Тұрғын үй департаментінде (істейді)

Ипотекамен (аламын)

Өз қаражатына (алды)

Күнкөрісіне (жетеді)

Статистика бойынша (5-10 пайызы)

Мемлекеттік бағдарлама бойынша (алды)

Асыраушысы жоқ (отбасы)

Үлескерлікпен (алды)



Қазіргі қала қандай болу керек?

Қазіргі адам өмірінде қала үлкен рөл атқарады. Сондықтан әр түрлі сала мамандары – архитекторлар, экономистер, географтар, әлеуметтанушылар, дәрігерлер адамға ыңғайлы, жақсы, қызықты, қуанышты өмір сүру үшін қазіргі қала қандай болу керек деген сұраққа көп ойланады. Қазіргі қалалардың дамуы – тұрғын санының өсуі, үй құрылыстарының өсуі, экономиканың дамуы тек қана мамандарға ғана емес, үлкен қаланың кез келген тұрғынына белгілі бірқатар қиындықтар туғызатынын жақсы біледі. Ғалымдар үлкен қалалардың өсуін тоқтату керек пе, әлде керісінше, үлкен қалаларда үлкен болашақ бар деген сияқты сұрақтарға дауласуда.

Кейбір ғалымдар қазіргі адамдар үшін үлкен қала тартымдырақ, ыңғайлырақ деп айтады. Қала неғұрлым үлкен болған сайын экономикалық жағынан тиімді, ал үлкен қаланың кемшін жағы – орманнан, өзеннен алыс болуы, жол жүргенде уақыт жоғалтуы, бұлар тек қана қаланың көлеміне байланысты емес, оның жоспарлануына да, құрылысына да байланысты. Бұл кемшін жақтарды болашақта жоюға болады.

Басқа ғалымдар ірі қалалардың өсуін тоқтату, шектеу керек дегенді айтады. Шағын қалаларды көбейтуді ұсынады. Үлкен қалаларда (тұрғындар саны жарты миллионнан көбірек) өндіріс мүмкін тиімдірек шығар, бірақ транспортқа, транспорттық қолайлылыққа, энергетикалық магистралдарға көп шығын кетеді. Сонымен қатар үлкен қалаларда транспорт пен тұрғын үй мәселесін шешу өте күрделі.

e

Қазіргі қалалар мен табиғат



Бүгінгі алып қалалар – бетонмен, асфальтпен жабылған жердің бір бөлшегі. Тек қана гүлдер шоғы және күзгі сары жапырақтар бір жерлерде әлі де мыңдаған шөптері, ағаштары сақталған жерлер сақталғанын аңғартады.

Қазіргі қалада көптеген қайшылықтар бар. Дами келе аэродромдармен, автострадалармен, темір жол магистральдары мен жоғары вольтті сымдарымен табиғатты кедейлендіреді, өзінің көлемімен жердің үлкен аумағын алып жатады. Кеңейе келе орасан тас қамақтай, қиналады, өз-өзінен шығуға жол іздейді.

Сондықтан архитектурадағы ақылдылар жаңа шешім іздеуде, болашақ қаланың әр түрлі нұсқасын ұсынуда. Бұл ұсыныстар әр түрлі, алайда оларды бір-ақ нәрсе біріктіреді: олар адамдарға тірі жерді, тірі аспанды, қаладан қуылған табиғатты қайтарғысы келеді, аспан тіреген үйлерді жермен, дала гүлдерімен байланыстырғысы келеді, адамды табиғатқа бұрғысы келеді.

1) Болашақ қалалардың қандай ерекшеліктеріне мән бересіз?

- а) Қаланың көркі;
- б) Аббатандырылуы;
- в) Өмір сүру қағидасы;
- г) Экономикалық жағдайы;
- д) Немесе басқа нәрселерге мән бересіз бе?
- е) Болашақ қалаларға берілетін анықтамаға сіз тағы қандай сипаттама қосар едіңіз?

көліксіз қала, көміртегісіз қала, «өкпесі» бар қала, жасыл қала, ...

2. а) Бұл мәтінде келешекте бой көтеруі мүмкін немесе алғашқы іргетасы қаланып та үлгерген жаңа қалалар жобасы жайлы айтылады, келешектің қаласы туралы сіздің ойыңызбен үйлесе ме?

б) Сіз үшін қайсысы күтпеген жаңалық болды? Несімен? Қай жоба сізге ұнады немесе ұнамады? Дәйекті дәлелмен жауап беріңіз.



Көліксіз қала салынады

Қытай басшылығы «Ұлы қала» жобасын қолға ала бастады. Жоба бойынша, қалада көлік атаулы болмайтын көрінеді. Қала Чэнду аймағына жақын маңға салынбақ. Жоба 80 мың тұрғынға жоспарланған. Автокөліксіз қалада бар ісінді жаяу немесе велосипедпен жүріп тындыруға толықтай жағдай жасалмақ екен.



Жобаның мінсіздігі де тұрғын үй кешенінің маңына барлық қажетті мекеменің орналасуында болып отыр. Қажетті жеріңізге 10 минутта жетуге болады. Қытайдың келешекке жоспарланған қаласы қазіргі өзі тектес қаладан 89 %-ға дейін шығынды аз келтіретін көрінеді.

Көміртегісіз қала жобасы да бар.

Қытайдың «Ұлы қала» жоспарында қалада автокөлік болмайтын болса, Біріккен Араб Әмірлігі қолға алған Масдар автокөліксіз және зәулім үйлердің бой көрсетпеуімен ерекшеленбек.



Масдар қаласы қазіргі таңда Дубайға жақын маңдағы шөл далада салынып та жатыр. Қаланың ерекшелігі – жоба бойынша, таза табиғи энергия көздерімен жабдықталады. Яғни мұнай, газ және көмірдің орнына энергия қуатын күн және желден өндірімек. Бұл жоба іске асып жатса, қала әлемдегі көміртегіден ада алғашқы қала болмақ. Күндіз күннің аптап ыстығынан қорғайтын қалқандар, түнде күндіз жинаған энергия қуатын жарық қылып тұрады екен.

Шөлдегі «жасыл» қала.

Дубай – Біріккен Араб Әмірлігінің келешектегі «жасыл» қалаларының бірі болмақ. «Baharash Architecture» компаниясының мамандары жобаны жасауда эко-құрылыстың басты әлемдік жетістіктерін қолданбақ.





Аталған жобада 550 ыңғайлы вилла, оқу орындары және 200 шаршы шақырым аумақтағы күннен қуат алатын арнайы құрылғы жұмыс жасайтын органикалық фермалар жасалмақ. Күн батареялары қаланың қажеттіліктерінің жартысын өтей алады деп болжауда.

Ғимараттары тығыз орналасқан қала

«Kjellgren Kaminsky Architecture» мамандары аумағы жөнінен өз елінде екінші саналатын швед қаласы Гетеборгты келешек қаласына айналдыруды жоспарлауда. Олардың жоспарына сәйкес, құрылыс нысандары өте тығыз орналаспақ. Күннен қуат алатын батареялар мен жел диірмендері тұрғындардың тамақ және энергияға қажеттілігін толық қанағаттандырмақ. Сонымен қатар бұл құрылыс жұмысы қала арасындағы қатынауды әлдеқайда жеңілдетіп, қала ортасындағы өзенді басты транспорттық жол торабы етуге ыңғайластырмақшы.



Вертикальды қала жобасы

«John Wardle Architects» архитекторлары мен жоба басшылары аустралиялық қала Мельбурн 100 жылдан кейін қандай болатынын ұсынып көрсеткен. «Multiplicity» атты жоба ені жағынан емес, жоғары және төмен қарай өсетін ірі мегаполисті паш етпекші. Болашақ Мельбурнда жол торабы жер асты және әуе кеңістігінде орналасады, ал қаланың үстінен ортақ мөлдір шатыр орнатылады. Аталған шатыр астықтың өсірілуі, судың жиналуы және күн қуаты мақсатында қолданылады.

8-тақырып. Бұқаралық ақпарат құралдары, оның түрлері. БАҚ – өмір айнасы

ОҚЫЛЫМ



1. Төменде берілген атаулардың қайсысы

- А. әлем үшін
- Ә. сіз үшін
- Б. сіздің еліңіз үшін

маңызды деп ойлайсыз?

ТЕЛЕДИДАР

ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ

ҒАЛАМТОР

РАДИО

БЕЙНЕЖАЗБА

1. *Әлем үшін теледидар маңызды, себебі жаңалықтарды көрсетеді* _____.
2. _____.
3. _____.
4. _____.

2. «Кім жылдам?» сұрақ-жауап ойынын ойнаңыздар.

1. Әлемдегі ең танымал теледидар бағдарламасы.
2. Фильмдерді ең көп шығаратын қай мемлекет?
3. Ақпарат іздеудің танымал жолы.
4. Ең танымал кинофильм.
5. Ең танымал танымдық бағдарлама.
6. Теледидарды қай мемлекетте ең көп көреді деп ойлайсыз?
7. Қай газет ең көп сатылады?

Бұқаралық ақпарат құралдары

«Бұқаралық ақпарат құралдары – ақпараттар, танымдық мәліметтер және бос сөздер жиынтығы», – дейді заңгер Д. Яндел.

Сіз Д. Янделдің пікірімен келісесіз бе? Қазір көпшілігіміз теледидардан немесе газет-журналдардан көрген бейнелер мен мәліметтерге тәуелдіміз. Ол ақпараттардың кейбіреуі «керемет жаңалық» та, ал кейбіреуі «жай бос сөз». Біз сізге «бірінші» және «ең жақсы» бұқаралық ақпарат құралдары туралы мәлімет береміз.

№1 теледидар бағдарламасы: Үлкен аға «Big brother» телешоуы. Бұл телешоу ең бірінші Голландияда 1999 жылы көрсетілген. Содан кейін әлемнің 20-ға жуық мемлекетінде көрсетіле бастаған.

№2 кинофильм өндірісі: Үндістан кино-студиясы (лақап аты «Болливуд»). Бір жылда бұл мемлекетте 1000-нан аса фильм түсіріледі.

№3 ақпарат іздеудің жолы / әдісі: Google. Күн сайын Google арқылы 182 тілде 250 миллионнан астам адам ақпарат іздеп табады екен.

№4 Әлемге танымал фильм – «Азамат Кэйн» (Citizen Kane). Фильмнің режиссері – Орсон Уэллес. Фильм 1941 жылы түсірілген. Газет баспасының иесі туралы фильм.

№5 Әлемге танымал танымдық бағдарлама «Кімнің миллионер болғысы келеді?». Бұл бағдарлама алғаш рет Ұлыбританияда 1998 жылы көрсетілген. Қазір әлемнің барлық елдерінде қолданылады.

№6 Теледидарды ең көп көретін мемлекет – Америка Құрама Штаттары. Мұнда 1000 адамға 805 теледидардан тиеді. Жасы алпыс бестен асқан адамдар тоғыз жыл өмірін теледидар көрумен өткізеді екен.

№7 Ең көп сатылатын газет – Yomiuri Shimbun. Бұл газеттің Жапонияда бір күнде миллион данасы сатылады.



The
Japan News
by The Yomiuri Shimbun

4. Дұрыс/қате жауапты белгілеңіз.

	Дұрыс	Қате
1. Мәтін бұқаралық ақпарат құралдары туралы.	✓	
2. Голландия халқы «Үлкен аға «Big brother» теле-шоуын жақсы көрмейді.		
3. Google – мультфильмдер сайты.		
4. Орсон Уэллс – газет баспасының иесі.		
5. «Кімнің миллионер болғысы келеді?» бағдарламасы – ең танымал бағдарлама.		
6. Американдықтар басқа елдермен салыстырғанда теледидарды көп көреді.		
7. Ең бірінші теледидар өте керемет болған.		
8. Yomiuri Shimbun – күнделікті газет.		

5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Теледидардан кино көресіз бе әлде бағдарламалар көресіз бе? _____
- Отандық кино көруді ұнатасыз ба, әлде шетелдік фильмдерді қарағанды жөн деп санайсыз ба? _____
- Теледидардан қандай бағдарламалар көргіңіз келеді? _____
- Қазақстандық телеарналардың қайсысын бірінші орынға қояр едіңіз? Себебі не? _____
- Шетелдік телеарналардың отандық телеарналардан қандай ерекшелігі бар деп ойлайсыз? _____
- Газет оқисыз ба? Қандай газет оқисыз? _____

6. Мәтіннен ырықсыз етіс формасындағы етістіктерді тауып жазыңыз.

Ырықсыз етіс	Асырмалы шырай
<i>сатылады</i>	<i>ең жақсы</i>
_____	_____
_____	_____
_____	_____

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Әлемдегі ең бірінші газет 1605 жылы
Германияның Страсбург қаласында шыққан

“ Түркістан уалаятының газеті Қазақстандағы
ең бірінші газет. 1870-1882 жж. Ташкентте
қазақ және өзбек тілдерінде шыққан.



1950 жылдан бастап ғаламтор іске қосылды / жұмыс істей бастады.
Алғашқы е-майлды Проф. Леонард Клейнрок Лос Анджелестегі
Калифорния университетінен Станфорд ғылыми-зерттеу
институтына жіберген.

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс. Екі топқа бөлініп, пікірталас өткізіңіздер. Бір топ ғаламтордың, екінші топ баспасөздің қажеттілігін дәлелдейді.



«Ғаламтор» және баспасөз.
Қайсысы қазір басым /
артық / күшті? Неге?



2. Топтық жұмыс. Екі топқа бөлініп, пікірталас өткізіңіздер. Бір топ газет-журналдың адам өміріндегі маңыздылығын, екінші топ қажетсіз қағаз шығыны екендігіне сендіре білуі тиіс.

Газет-журнал шығару керек пе, жоқ па? Не үшін керек / керек емес?
Қағаз шығыны ғана деп ойлайсыз ба?

3. Берілген сөздерді пайдаланып, өзара журналист және сұхбат беруші рөлін ойнаңыздар. Бір-біріңізден кезектесіп сұхбат алыңыздар.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Жұптық жұмыс. Топтасыңызбен бірігіп, өз газет-журналдарыңызды шығару жоспарын құрыңыз. Төменде берілген мәселелер қамтылуы тиіс.

- А) атауы
- Ә) қандай жасқа арналғаны
- Б) қандай мәселелер туралы жазатыны
- В) данасы
- Г) шығу мерзімі – айына, аптасына неше рет
- Ғ) дизайны

2. Өзіңізге ұнаған / ұнамаған бір телебағдарламаға / газет-журналдағы мақалаға пікір жазыңыз.

- А) атауы
- Ә) қандай телеарнада көрсетілгені / газет-журналға шыққаны
- Б) қандай мәселе туралы жазылған / көрсетілген бағдарлама
- В) неліктен ұнамады / ұнады
- Г) бағдарламаны немесе мақаланы өзгерту бойынша ұсыныс

9-тақырып. Көлік және логистика. Көлік, көлік қатынасы
1-тапсырма. Мәтінді аударыңыз, жаңа сөздерді есте
сақтаңыз.

Қоғамдық көлік

Қоғамдық көлік - қала халқы үшін арзан және ыңғайлы жолаушы көлік болып табылады. Алматы қаласынада қоғамдық көліктер қатарына автобус, троллейбус, трамвай, метро жатады. Әр қоғамдық көліктің арнаулы маршруты болады. Қоғамдық көлікті жүргізушісінің де, жолаушысының да өз этикеті болады, яғни қоғамдық көлікте жүрудің өзіндік ережесі бар. Мысалы, көлікке кіре берісте мүгедек адамдарды, әйелдерді, балаларды, егде адамдарды бірінші өткізіп жіберу – үлкен мәдениеттіліктің және тәрбиеліліктің белгісі. Жолаушылар көлікке артқы есіктен кіріп, алдыңғы есіктен шығу қажет. Қала тұрғындарының шамамен 65 пайызы қоғамдық көлікті пайдаланады. Сондықтан да қоғамдық көлікті пайдаланудың ережесінің болуы және оны ұстанудың маңызы зор.

Көлік арнаулы жерде, яғни аялдамада ғана тоқтайды. Қоғамдық көлік жолаушының өтініші бойынша, кез-келген жерде тоқтай алмайды. Өйткені Қоғамдық көлік жүргізудің өз тәртібі бар. Қоғамдық көлік жүріп бара жатқанда, жүргізушімен сөйлесуге немесе оны алаңдатуға болмайды, өйткені бұл жол апатына апарып соғудың себебі болып табылуы мүмкін. Көлікте тұрғанда тұтқадан ұстап тұру қажет. Әдетте кез-келген қоғамдық көлікте жүкті әйелдерге,

балалы әйелдерге, мүгедек және егде адамдарға арналған 68 орын болады. Егер ондай арнаулы орын болмаған күннің өзінде де оларға тұрын орын беру әуелі әдептіліктің белгісі және де жолаушылардың жүру ережесін сәйкес болып табылады. Қоғамдық көлікте жүрудің ережелері: - Көлікке отырарда егде адамдарға, балалы әйелдерге, мүгедек адамдарға, жүкті әйелдерге жол беру.

- Көлікте егде адамдарға, балалы әйелдерге, мүгедек адамдарға, жүкті әйелдерге орын беру.

- Көлікте шулауға (қатты сөйлеуге, ұрсысуға) болмайды.

- Жүргізушіге кедергі жасауға болмайды.

- Өзімен бірге жанғыш заттарды алып жүруге болмайды.

- Есікке сүйеніп тұруға болмайды.

- Көлікте тұрғанда тұқадан ұстап тұру керек.

- Жолақысын уақытысында төлеу керек.

Сөздік

қала халқы – жители города

ыңғайлы - удобный

пассажир

арнаулы - специальный

водитель

ереже - правила

человек

тұтқа - поручни

инвалид

арзан – дешевый

жолаушы -

жүргізуші –

егде адам – пожилой

мүгедек адам –

мәдениеттілік - культурность	тәрбиелілік -
воспитанность	
алаңдату - отвлекать	қоғамдық көлік -
общественный транспорт	
жүкті әйел – беременная женщина	балалы әйел –
женщина с ребенком	
орын беру – уступить место	әдептілік - вежливость
сәйкес - соответственно	

2-тапсырма. Сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңіз.

1.Қоғамдық көлік дегенді қалай түсінесіз? 2.Өзіңіз қоғамдық көлікпен жүресіз бе? 3. Алматы қаласының қоғамдық көлігі туралы не ойлайсыз? 4. Қоғамдық көлікте тәртіп бұзушыларға қандай жаза қолданады? 5.Өзіңіз қоғамдық көліктің қандай болғанын қалар едіңіз?

3-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін аударыңыз және түсіндірме сөздік жазыңыз.

Қоғамдық көлік, қала халқы, Алматы қаласындағы қоғамдық көліктері, қоғамдық көлікті жүргізуші, өзіндік ереже, мүгедек адам, жүкті әйел, балалы әйел, егде адам, артқы есік, алдыңғы есік, қала тұрғындары, арнаулы жер, жолаушының өтініші, жол апаты, тұтқадан ұстап тұру, орын беру, әдептіліктің белгісі, жолаушылардың жүру ережесі.

4-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, сөз тіркесін жасаңыз.

қоғамдық	қаласы
қала	өтініші
алматы	есік
мүгедек	адамдар
артқы	көлік
арнаулы	әйел
жүкті	халқы
жолаушының	орын

5-тапсырма. Көп нүктенің орнын мәтіннен толтырыңыз.

1.Қоғамдық көлік жүріп бара жатқанда, жүргізушімен ... немесе оны ... болмайды. 2.Көлікте тұрғанда ... ұстап тұру қажет. 3.Әр қоғамдық көліктің арнаулы ... болады. 4.Қоғамдық көлікті ... де, ... да өз ... болады, яғни қоғамдық көлікте жүрудің өзіндік ... бар. 5.Жолаушылар көлікке кіріп, шығу қажет. 6.Қоғамдық көлік - қала халқы үшін ... және ... жолаушы көлік болып табылады. 7.Көлік ... жерде, яғни ... ғана тоқтайды. 8.Қоғамдық көлік жолаушының өтініші бойынша, ... жерде тоқтай алмайды, өйткені қоғамдық көлік жүргізудің ... бар.

6-тапсырма. Диалогтарды жалғастырыңыз.

1. - Кешіріңіз, сізден сұрауға болар ма екен?
- Иә, әрине сұраңыз.
- Орталық базарға дейін қандай көліктер жүреді?

- Ой, орталық базарға дейін автобустар да , троллейбустар да жүреді-ғой. ...

2. - Сен қалай ойлайсың, Шымкент қаласына дейін автобустпен барған ыңғайлы ма әлде пойыздбен барған ыңғайлы ма?

- Мен үшін поезд ыңғайлы болар еді. Бірақ жастардың көбісі автобустпен жүргенді ұнатады-ғой.

- Қандай көлікпен жүрсем, уақыттан ұтамын.

- Автобус 12 сағат, ал поезд 14 сағат жүреді. ...

1. Тапсырма (задание): Мәтінді орыс тіліне аудару (переведите текст на русский язык)

Көліктің түрлері

Көлік – халық шаруашылығының бір саласы. Салалардың ішіндегі «күре тамыры» деуге болады. Көлік – экономиканың қалыпты жұмыс істеуінің негізі, көлік өзі тікелей ештеңе өндірмейді, ал енді кез келген өндірілетін тауар көліктің қызметін пайдаланбай өндірілмейді. Сондықтан жоғары дамыған, тұрақты жұмыс істейтін көлік жүйесін қалыптастыру – елдің өсіп – өркендеуінің негізгі жағдайларының бірі.

Қазақстан жер көлемі жағынан ең жері үлкен он елдің қатарына кіреді. Біздің алдымызда Ресей (17075 мың кв.км), Канада (9971 мың кв.км.), Қытай (9597 мың кв.км.), АҚШ (9364 мың кв.км.), Бразилия (8547 мың кв.км.), Австралия (7741 мың кв.км.),

Индия (3288 мың кв. км.), Қазақстан (2724,9 мың кв. км.).

Қазақстан Европа мен Азияның ортасында орналасқан, сондықтан екі континентті жалғастырудағы рөлі өте зор. Осыны біз тиімді пайдалануымыз керек. Европамен Қытайды біздің елден өтетін жол арқылы жалғастырса, бұл елдерді су арқылы жалғастырумен салыстырғанда жол 2 есе қысқарады. Ал олар Ресейдің территориясы арқылы жалғасса біздегі жол 1 мың шақырымға қысқа болады.

Көліктің бүгінгі күнде пайдаланып жүрген бес түрі бар

- автомобиль көлігі;
- теміржол көлігі;
- сумен қозғалатын көлік;
- ауада қозғалатын көлік;
- құбыр көлігі.

Көлік төрт құрамдас бөліктен тұрады. Ол – көлік құралдары (автомобильдер, поездар, кемелер, ұшақтар), жолдар (темір, автомобиль жолдары, құбырлар, әуе, теңіз), ірі ұйымдар (авиациялық, теңіздік, теміржол компаниялары) және тиеп-түсіру пункттері (теңіз және әуе порттары, авто, темір жол станциялары). Көлік өте үлкен күрделі сала. Оның тиімді, үйлесімді, жұмыс істеуі елдің экономикасын дамытуға, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға әсері мол, сондықтан бұл салада қызмет істейтін мамандарға талап жоғары.

Құрлық көлігі.

Құрлық көлігі біздің елдің негізгі көлік түрі болып саналады. Құрлық көліктерін жүретін жолдарының түрлеріне қарап үш түрге бөлуге болады.

Темір жолмен жүретін көлік – поезд. Темір жолды қажет етпейтін, тас жолмен, топырақты жолмен және жолсыз жермен де жүре алатын көлік – автомобиль, трактор, желдің қуатымен қозғалатын шана т.т. және тасымалдаушы. Жер үстінде немесе жер астында орналасқан құбырларды пайдаланылатын, сұйық, газ іспетті заттарды тасымалдауғы аралған құбыр көлігі. Бұл көлік түрі Қазақстанда ең жылдам дамып келе жатан көлік түрі.

10-тақырып. Ел экономикасы

Тыңдалым. Сөйлесім

1-тапсырма. *Сөздер мен сөз тіркестерін тыңдаңыз, мағынасын түсіндіріңіз.*

Экономикалық тиімділік, жеке меншік, нарық, ғылымға арқа сүйеу, тоқырауға тірелу, *әл-ауқат*, *алмағайып заман*, иық түйістіру, сынақтардан сүрінбеу.

2-тапсырма. Ойтүрткі сұрақтарға жауап беріңіз.

«Тұрақтылық» деген сөзге синоним айта аласыз ба?

Экономика мемлекет дамуына қалай ықпал етеді?
Отбасы экономикасын қалай түсінесіз?

Оқылым. Сөйлесім

3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Кез келген ел үшін экономика саясаттың бастауы саналады. Алдымен экономика түзіледі, содан кейін оның үстіне саясат қаланады. Экономикалық тиімділік, жеке адамның өз басының экономикалық еркіндігі және жеке меншік деген ұғымдарды ел халқы түсінбейінше нарықты құруға болмайды.

Біздің мемлекетіміз экономикаға ойдағыдай кіруге бағытталған мемлекеттік саясатты қолдайды. Қазіргі уақытта ел мықты болу үшін оның экономикасы ғылымға арқа сүйеу керек, бәсекеге қабілетті болуы керек. Егер экономика нарықтық болмаса, ол тоқырауға тіреледі. Халықтың әл-ауқаты – ел дамуының негізгі шарты.

Қазақстан жер көлемі орасан үлкен мемлекет болса да, халқының саны аз елге жатады. Сондықтан бізге ең керегі – уақыт оздырмай,

экономиканы түзеп, мықты мемлекет болу. Қарулы Күштерімізді, қауіпсіздігімізді нығайту – қазіргідей алмағайып заманда ең маңызды мәселеге айналып отыр. Күш-қуаты мол мемлекеттің экономикасы да жақсы дамиды. Осыларға қол жеткізу үшін тыныштық керек. Ел іші татулықта, бірлікте болса, сыртымыз да бүтін болатыны белгілі. Біздің мақсатымыз – елі бақытты, жері гүлденген қасиетті Отанымыз Қазақстанды «Мәңгілік Ел» ету! Әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылып, бай да қуатты елдермен иық түйістіру. Біз бұл мақсатымызға жету үшін түрлі сынақтардан сүрінбей өтуге тырысуымыз керек.

Сөздік

Бастау – начало, начинание, ключ

Жеке меншік – частная собственность

Қол жеткізу – достигать чего-л.

Бүтін болу – тұтас болу

Қатарына қосылу – равняться

4-тапсырма. Мәтін бойынша 6-7 сұрақ құрастырыңыз.

Грамматика

Сұрау интонациясы арқылы жасалатын сөйлемдер

Сұраулы сөйлемдер оған қойылатын сұрақтардың

мазмұнына қарай *ашық сұрақ, күмәнді сұрақ, қарсы сұрақ, риторикалық сұрақ* деп бөлінеді.

1. Ашық сұрақ: *Аман-есен жеттің бе?*
2. Күмәнді сұрақ: *Мен де барсам ба екен?*
3. Қарсы сұрақ: *Шынымен солай деді ме?*
4. Риторикалық сұрақ: *Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер?* (Асан Қайғы)

Жазылым

5-тапсырма. *Сұрау интонациясын қолдана отырып, сөйлем айтыңыз.*

Үлгі:

-Мен ақшаны дұрыс жұмсай алмаймын?
Қателесесіз, мен керісінше бәрін есептеймін.

6- тапсырма. *Сөйлемді толықтырыңыз.*

1. Экономика ғылыммен
2. Экономиканы түзеу дегеніміз
3. Дағдарыстар келеді, кетеді, ал мемлекет
4. Ел іші өзара бірлікте, ынтымақта болса ғана
5. «Мәңгілік Ел» болу жай арман емес, нақты

7-тапсырма. *Берілген сөздермен сөйлем құрастырыңыз.*

Кіріс, шығыс, үнемдеу, бақылау жүргізу, жалақы, қарыз, шығын, табыс, қаржыландыру, жоспарлау.

Тыңдалым

8-тапсырма. «Отбасылық экономиканы басқару» мәтінін тыңдаңыз.

Қазір «экономика», «үнемдеу», «нарықтық заман», «кіріс және шығыс» сөздері тек қаржы саласына ғана тән емес сөздер қатарында болып қалды. «Экономика» сөзі – «үй шаруашылығын басқару» деген мағына беретін бастапқы аясынан әлдеқайда кеңейді.

Отбасылық экономиканы басқару дегеніміз – бұл, шындап келгенде, отбасы өмірінің мәнін арттыру. Осы бір қызықты үдеріс негізінде оңай ғана қағида жатыр, ол – кіріс пен шығысқа бақылау жүргізу.

Егер сіз айлық жалақыға дейін біреуден қарыз сұрауға тура келетін жағдайларға жиі тап болсаңыз, онда ол – ақшаға деген сіздің көзқарасыңызды тез арада өзгерту қажеттілігінің алғашқы белгісі. Өз табысыңыз бен жұмсайтын шығыныңызды бағдарлауды үйреніңіз. Өзіңізге қаржы шынайылығын нақты бағалауға талап қойыңыз: қанша шығын жұмсайсыз және қанша табыс табасыз? Алғашқы қадам ретінде айлық жалақыңызды қарастыру да жеткілікті. Қазақстандықтардың басым көпшілігі айлықтан айлыққа дейін өмір сүреді, сондықтан ай сайынғы қаржыландыру бақылаудың тиімді үлгісі болып

табылады. Бір айлық шығыс пен кіріс барынша болжамды.

«Бюджет» сөзі тура аудармасында «ақшалы қалта» деген ұғымды білдіреді. Тұрмыстық түсінікте бұл – отбасы қоржынына келіп түсетін қордың көбеюі мен азаюының сәйкестігін шығаратын ақшалай кіріс пен шығыстың қарапайым жазбасы. Бюджет екіге бөлінеді – кіріс және шығыс. Кіріс бөлігіне белгілі бір уақыт аралығында алуға жоспарланатын барлық табыс түрі, ал шығыс бөлігіне соған сәйкес болжалды барлық шығындар жатады. Қаржылай жетістікке жету жолындағы ең басты алғашқы қиын қадам – нақты шығынның толық бейнесін жасай білу. Көптеген кеңесшілер жеке қаржыны басқару жөнінде жүргізген өз тренингтерінде ең алдымен тыңдармандардан барлық шығысты түсіріп отыру үшін бір парақ қағаз бен қалам дайындауларын өтінеді. Бұл толтырылған қағаз, әдетте, өз ақшаларын басқарумен айналысуға ниет қойған адамдардың қаржылай жетістігінің іргетасын қалаудағы алғашқы тасы болып табылады.

Алдыңғы айдың бюджетін есіңізге түсіріңіз. Классикалық түрде сіздің отбасылық бюджетіңіз тұрмысқа ең қажетті деген тауарларды сатып алудан басталатынын ұмытпаңыз.

(«Отбасылық бюджетті басқару негіздері» кітабынан)

9-тапсырма. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Отбасы экономиясын басқару деген не?
2. Айлыққа дейін қарыз сұрап жүру – ненің белгісі?
3. Бюджетті жоспарлау үшін отбасы мүшелері нені меңгеруі керек?
4. Қаржы тапшылығынан қалай құтылуға болады?
5. Отбасылық бюджет неден басталады?
6. Қазақстанда қаржыландыру қанша мерзімде болады?

10-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Кіріс пен шығыс» деген тақырыпта сұхбат құрыңыздар.

11-тақырып. Ел қауіпсіздігі

Тыңдалым. Сөйлесім

1-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін тыңдаңыз, мағынасын түсіндіріңіз.


Ұлттық қауіпсіздік, адам өмірі, құқық, бостандық, мемлекет мүддесі, қауіп-қатер,

қылмыстылық, сыбайлас жемқорлық, лаңкестік, еңбек нарықтары, көші-қонның күшеюі, экономикалық кеңістік, экономиканың көлеңкелі секторы.

2-тапсырма. Ойтүрткі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ұлттық қауіпсіздік дегеніміз не?
2. Ұлттық қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуге болады?

3-тапсырма. Берілген сызба бойынша өз ойыңызды айтып, әңгімелесіңіз.



Оқылым. Сөйлесім

4-тапсырма. *Мәтінді оқыңыз.*

Ұлттық қауіпсіздікті сақтау – ұлы міндет

Қоғамдық қауіпсіздік мәселелерінің көпшілік назарында болуы заңды құбылыс. Себебі Қазақстан Конституциясы адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің басқа мүдделеріне қарағанда, басым сипатта мойындайды.

Қоғамдық қауіпсіздік дегеніміз не? Бұл, ең алдымен, қоғам мүшелері өмірінің, денсаулығы мен игілігінің шынайы және әлеуетті қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі. Соңғы қауіп-қатерлер тізбесінде – мемлекет қоғамның қолдауына сүйене отырып күрес жүргізетін қылмыстылық, сыбайлас

жемқорлық, лаңкестік және басқа да қауіпті құбылыстар бар. Мұнда адамдардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуде түрлі жүйелердің ұдайы әрі қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері де қарастырылған. Қорғалудың жай-күйі жеке тұлғаның деңгейін анықтауда негізгі параметр болып табылады. Атап айтқанда, әлеуетті қауіп-қатерлерді уақтылы анықтау мен болдырмаудың маңыздылығы жоғары.

Ресейде шетелдік жұмыс күшін пайдалану талаптарын күшейту мен өзге де елдердегі еңбек нарықтарындағы ахуалдың одан әрі нашарлауы салдарынан Қазақстанға сыртқы заңсыз көші-қонның күшеюін күтуге болады. Біртұтас экономикалық кеңістік құрып, елімізде ЭКСПО-2017 секілді ауқымды іс-шараны өткізу де бұл үдерісті үдететіні анық. Заңсыз иммиграцияның үлкен ағымы болған жерде экономиканың көлеңкелі секторы ұлғаяды, ал қылмыстылықтың әлеуметтік базасы болған жерде әлеуметтік шиеленіс күшейеді.

Қоғамдық қауіпсіздік мәселелеріне биліктің орталық органдары тарапынан да, сонымен қатар жергілікті органдары тарапынан да ерекше назар аударылуы қажет. Өйткені бұл жерде көп жағдай осы

жұмыстың өзара іс-қимылдағы және үйлестірудегі тиімділігімен тығыз байланысты.

(Қайрат ҚОЖАМЖАРОВ)

Сөздік

қауіпсіздік – безопасность
мүдде – интерес; цель
игілік – благо; благополучие
қауіп-қатер – всякие опасности; угрозы
сыбайлас жемқорлық – коррупция
лаңкестік – террор; терроризм
тыныс-тіршілік – жизнь; существование
ахуал – положение; ситуация; состояние
көші-қон – миграция; переселение
үдету – ускорение
шиеленіс – обострение; осложнение;
напряженность

5-тапсырма. Мәтін бойынша
сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстан Конституциясында қандай мәселе қарастырылған?
2. Қоғамдық қауіпсіздік дегеніміз не?
3. Қоғамға қауіпті құбылыстарға нелер жатады?
4. Заңсыз иммиграция қоғамға қандай қауіп төндіреді?

6-тапсырма. *Мәтіндегі «экономиканың көлеңкелі секторы» деген сөздің мағынасын түсіндіріңіз.*

Жазылым

7-тапсырма. *Түсіндірме сөздікті пайдалана отырып, «қылмыстылық, сыбайлас жемқорлық, лаңкестік» деген сөздердің түсіндірмесін жазыңыз.*

8-тапсырма. *Берілген мәтін мазмұны бойынша 5-6 сөйлем көлемінде пікірлеріңізді жазыңыз.*

Тыңдалым

9-тапсырма. *«Еліміздегі ең қауіпсіз қала» мәтінін тыңдаңыз.*

Қазір қоғамдық көліктерде бейнекамералар орнатылғанын көріп жүрміз. Өзіміз күнде жүретін 10-шы

нөмірлі автобустарда осындай құрылғылар екі-екіден орнатылған. Енді автобустарды торуылдап, әмиян мен ұялы телефонды қоймайтын ұрылар аяғын тарта жүретін болды. Бұл – елордалықтардың қауіпсіздігі үшін жасалған шаруа. Елбасы айтқандай, Астана қауіпсіз және тұруға жайлы болуға тиіс. Осыған байланысты елордада қолға алынған жұмыстар баршылық.

2012 жылдан бері бас шаһарда қауіпсіздікті қамтамасыз ететін кешенді жүйе қолға алынғаны белгілі. Осы жобаның аясында қала тұрғындарының қауіпсіздігін сақтау үшін бірқатар жаңа жүйелер енгізіле бастады. Жоғарыда атап өткен бейнекамералар «Қауіпсіз автобус» жобасы бойынша қолданысқа еніп отыр. Бүгінде қала көшелерінде жүйткітін 10-автобус бейнекамералармен жабдықталды. Сонымен қатар осы қоғамдық көліктерде «Дабыл» түймелері де орнатылған. Бейнекамералар автобустардағы жолаушылардың қауіпсіздігін сақтап қана қоймай, қандай да бір дау-дамай, қауіп-қатер төнген кезде «Дабыл» түймесі арқылы көмек шақыруға да болады. Келешекте қаланың күллі автобустары осындай құрылғылармен қамтамасыз етілетін болады.

Сондай-ақ автобустарда электронды табло орнатылған. Жолаушылар осы таблода берілген мәліметтер арқылы автобустың қайда келе жатқанын, қандай аялдамаларға тоқтайтынын біліп отырады.

Жалпы Астана әлемдегі ең ақылды 50 қаланың қатарына кіруге талпынып отыр. Еуропалық «ақылды қалалардың» даму моделіне көз жүгіртсек, олардың басты

талабы – қауіпсіз қала болуында екен. Қала тіршілігін кешенді қамтамасыз ету жүйесіндегі қауіпсіздікті сақтауға арналған тағы бір жоба – қоғамдық тәртіпті бақылау жүйесі. Соның негізінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі мекемелер мен қызметкерлердің жұмысы бір жерден үйлестірілетін болады. Яғни қоғамдық тәртіпті қадағалайтын органдар, соның ішінде жедел қызметтер бір орталықтан басқарылса, төтенше жағдайларды дер кезінде ауыздықтауға мүмкіндік туады. Инновациялық технологиялар негізінде жүзеге асырылатын жоба қаланың кез келген бұрышынан жылдам хабар алғызады. Бұл, әрине, бейнебақылаусыз мүмкін емес. Сондықтан жақын жылдары 500-ге жуық мекеменің маңайында барлығы 30 мыңға жуық бейнекамера орнатылатын болады. Ол дегеніңіз қаланың әр бұрышында камера болады деген сөз. Осындай инновациялық жүйені орнатқан мемлекеттерде қылмыс түрі 30 пайызға азайған екен. Ал қылмысты дер кезінде ашу 50 пайызға артыпты.

(Қымбат НҰРҒАЛИ)

10-тапсырма. Мәтін бойынша жоспар құрып, мәтін мазмұнын баяндаңыз.

11-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Ел қауіпсіздігі – ең басты мәселе» тақырыбына әңгіме-сұхбат құрыңыздар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
2. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (B1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
3. Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж.. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017
4. Бозбаева-Хунг А.Т., Балабеков А.К., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017.
5. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Сейсенова А.Д. Қазақ тілі: қарапайым деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2016.
6. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Хазимова Ә.Ж., Салыхова Б.О. Қазақ тілі: базалық деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2016.
7. Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.
8. Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.
9. Күзекова, З.С. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы: оқу құралы.- Астана: Фолиант, 2015.- 180 б.
10. Қазақ тілі (тіл үйренушілердің B1 және B2 деңгейлеріне арналған): орыс тілді топтарға арналған оқу құралы./ Қ.С. Құлманов, Б.С. Абдуова, т.б. - Астана: - 2015.- 298 б.